



№135 (587)
4 тамыз
бейсенбі
2011 жыл

Алаш айнасы

Республикалық қоғамдық-саяси ақпараттық газет

ISSN 2076-0639



www.alashainasy.kz
e-mail: info@alashainasy.kz

ЭКОНОМИКА АЙНАСЫ

USD	146,25	▲
EUR	209,08	▼
RUB	5,26	▼
CNY	22,73	▲
EUR/USD	1,44	—
DJIA	11844,62	▼
RTSI	1932,76	▼
KASE	1482,29	▼
BRENT (ICE)	115,18	▼
GOLD (NYMEX)	1495,73	▲

«Су соғысы» дәуірі келе жатыр



►► 4-бет

Бәленің өзі де, МАИ-дің көзі де – қызылда...



►► 4-бет

Арқада Маясардай ақын өткен...



►► 5-бет



Серік АХМЕТОВ,
Қарағанды облысының әкімі:
– Жертелелерде (подвал) жү-
руден ұялмаңдар. Депутаттарды да
шақырыңдар. Бір рет барып, назар
аударсаңдар, бәрі қозғала бастай-
ды.
(қысқы жылу беру мәселесіне
қазірден дайындалу қажеттігі
жөнінде www.time.kz сайтынан)

Кәсіби Парламент Думадағы қазақтарды неге ұмытуы тиіс?!



Биыл кәсіби Парламентке 15 жыл толды. Бұл да бір – Тәуелсіздік жылдарындағы жеткен белес. Әйтсе де кәсібилікке дейінгі жылдары ұлттың сөзін, жұрттың сөзін сөйлейтін мінберді пайдалану тартысы қай кезеңде де бір сәтке толастаған емес. Кешегі қызыл империяның қол астында боданда отырған тұста да мемлекеттің Тәуелсіздігі туралы мәселе ең алдымен сол кездегі парламенттік қабырғада айтылды. Ал кеңестік езгінің алдындағы Ресей Думасында ұлт арыстарының терезе теңдігіне ұмтылысы ерен дер едік. Әйтсе де Алаш қайраткерлерінің көп еңбегінің ішінде дәл осы мәселе айтыла бермейтін тәрізді. Тіпті басқасын былай қойып, елордадан кәсіби Парламенттің қос палатасына әулім ғимарат соққанда да осындай тәуелсіз билікті аңсаған Алаш арыстарының есімін ұмыт қалдырдық.

Қанат ҚАЗЫ

Айтпағымыз – Парламент ғимаратының бір бұрышынан қазақтан шыққан тұңғыш депутаттарға ең құрығанда ескерткіш-тақтаның әлі де бұйырмай тұрғаны. Сондықтан да ұлттың алғашқы парламентшілері мен Алаш қайраткерлерінің Думадағы депутаттық үшін күресі жайында бір-екі ауыз сөз қозғасақ деп едік. Ендеше, тарихқа сәл шегініс жасалық.

Жалпы, қазақтың ұлттық тарихындағы заң шығару үрдісі мен парламентаризмнің қалыптасуына мына тұстан бастап қарастыру керек деп шорт кесу орынсыз. Өйткені «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Тәуке ханның жеті жарғысы» секілді сонау ғасырлардағы қазақ қоғамының саяси һәм әлеумет қажеттілігінен туған ережелері, дала заңдары салтанат құрғаны тарихтан белгілі. Бір кездері

қазақтың ұлы даласында хан жарғыларына негізделген өзіндік конституциясы болып, соның негізінде дала демократиясы еркін қанат жайғанын жоққа шығара алмаспыз.

Бір сөзбен айтсақ, Қазақстандағы заң билігі өз кезегінде хандық жиындарда халық өкілдерін (билерді, рубасылар мен беделді ақсақалдарды, көсемдер мен батырларды) қатыстырудан бастау алғаннан бергі Тәуелсіз Қазақстанның кәсіби Парламентіне дейін күрделі жолдарды бастан өткерді. Соның ішінде XX ғасырдағы Алаш қайраткерлерінің қазақ даласында дара конституционализмнің, дербес парламентаризмнің қағидаларын енгізуге ұмтылған идеяларының өзі – бір төбе.

Өткен XX ғасырдың басында патшалық Ресейдегі ішкі толқулар жаңа саяси кезеңге бет бұрған парламентарік демократия идеяларын тудырды, Мемлекеттік Думаны дүниеге келтіргені белгілі.

Жалғасы 2-бетте ►►



ДАТ!

Кенжеғали САФАДИЕВ:

Қоғамның рухани негізі мықты болмаса, экономика осалдық таныта береді

6-бетте

Геомагнитті дауылдан абай болыңыз!

Бүгін және ертең Жер бетінде магнитті дауыл сезіледі. Күн бетінен атылатын жарқылдардың әсері тамыз айының аяғына дейін созылуы мүмкін. Ғалымдар мұның салдарынан Жер шарында қатты ыстық пен адам денсаулығына әсері бар геомагнитті дауылдар болатынын айтады.

РФ Жер магнетизмі, ионосфера және радиотолқын-дардың таралуы институтының Ғарыштық ауа райын болжау орталығы мамандарының хабарлауынша, шілденің 27-сінде Күн бетінен атылған жарқылдың әсері тамыздың 4-5-і күндері Жерде магнитті дауылды туғызады. Күннен атылған сәуле Жерге секундына 1100 шақырым жылдамдықпен жетеді. «Қазгидромет» кәсіпорнының сайтында жарияланған GEO-CHANGE халықаралық комитетінің мәліметінше, шілденің соңында басталған Күн белсенділігі тамыздың аяғына дейін созылады. Күннен атылған жалынның әсерінен ғаламшарымыздың көптеген аймағында шамадан тыс аптап болуы ықтимал. Қуаты күшті сәулелердің спутниктік және жер бетіндегі байланыс жүйесі қызметіне кері әсер етуі, энергетикалық нысандардың жұмысын тым ауырлатып жіберуі мүмкін. Геомагнитті дауылдар жер сілкіністері мен басқа да табиғи апаттардың жиілеуіне де әкеліп соғады. Астрофизиктер мен дәрігерлер бұл құбылыстың адам ағзасына әсер ететінін, бірақ айтарлықтай зиян келтірмейтінін айтады.

Гулбану ТОҚМЕЙЛОВА, биоэнерготерапевт:
– Геомагнитті дауылдардың әсерінен кейбір адамдардың қан қысымы көтерілуі мүмкін. Басқа да әсерлері сезіледі. Бірақ денсаулыққа едәуір нұқсан келтіреді дей алмаймын. Ол көбіне байланыс техникаларына әсер етеді. Мен мынадай жағдайға куә болдым. Бірде Жезқазғанда кісі емдеп жатқанмын, осы процесті телевизия қызметкерлері келіп түсіріп қалды. Бір кезде телеоператордың бейнекамерасы түсініксіз себеппен жұмыс істемей қалды. Сол кезде мен де бір беймәлім құбылысты сезіндім. Кейін сол күні геомагнитті дауылдың болғаны хабарланды.

Естеріңізге сала кетейік, соңғы рет күшті магнитті дауылдың әсері биыл ақпанның 18-інде байқалған еді. Ол Күннен соғығы бесжылдыққа атылған ең ірі жарқылдақтың толқыны деп танылған болатын.

Болатбек МҰХТАРОВ

Муай-тайшыларымыз мерейімізді асырды

Қазақстандық муай-тайшылар Латвияның Лиепая қаласында өткен Еуропа кубогынан мол олжамен оралды. Балтық жағалауы елінде өткен дүбірлі додаға 11 спортшымыз аттанып, соның оны қоржынымызға медаль салды. Оның ішінде жетеуі алтыннан алқа тағынып, еліміздің Әнұранын шырақтаты.

Әзіз ЖҰМАДІЛ

Жерлестеріміздің жеңістеріне орай кеше Алматының «Елұхан» муай-тай спорт кешенінде Ауған соғысы ардагерлері ұйымдарының «Қазақстан ардагерлері» қауымдастығының қатысуымен арнайы шара өтіп, бір оғланымыз, яғни екі дүркін әлем чемпионы

атанған Алмаз Қасенов есімді спортшы «Батыр шапағаты» орденімен марапатталды.

– Еуропа кубогы шілденің 28-і мен 31-і аралығында өткен болатын. Муай-тайы жоғары деңгейде дамыған Еуропаның 12 елінен 100-ден астам спортшы қатысты. Додаға түскен мемлекеттер санының аз болғанына таңғалмаңыз. Муай-тайда әлсіздер азулылардың аузында таланбас үшін елдер екіге бөлінеді. Муай-тайы енді қолға

алынып келе жатқан елдер «В» тобына кірсе, мықтылар – «А» тобында. Біз де мықтылар қатарына кіреміз. Бізден бөлек додаға Польша, Ресей, Англия, Түркия, Финляндия, Эстония, Германия, Латвия, Дания, Бельгия және Беларусь құрамалары да қатысты. Бұл жолы додаға түскен елдердің барлығы да бірінші нөмірлі саңлақтарын әкеліпті. Жігітерімізге сенбедім деп айта алмаймын. Бірақ жеті алтын иеленгеніміз, шынымен де, тосын сый болды, – деп Еуропа кубогы туралы ағынан жарыла сөйледі Қазақстан муай-тай федерациясының вице-президенті Фархат Аманқұлов.

Жалғасы 7-бетте ►►



Айгүлжа ЕЛІБЕКОВА (франд)

ОЙ-КӨКПАР

Жас отбасыларға неке келісімшартын міндеттеу арқылы еліміздегі ажырасу фактілерінің азаюына ықпал ете аламыз ба?



Мақаш ТӘТІМОВ,
демограф ғалым.

ИӘ

– Ел ішіндегі ажырасудың жиілеуіне келсек, мен «бүгінде ажырасу фактілері көбейді» деген пікірмен келіспеймін. Ол да неке құрудың жиілігіне байланысты болады. Қазір неке-лесу саны жөнінен келеді. Жас-тардың саны өскен сайын неке-лесу де, ажырасу саны да кө-бейеді. Ол қалыпты құбылыс болғандықтан, соншалықты қасіретті, үркетіндей деңгейде деуге болмайды. Төрт некенің бір-екеуі ажырасып жатса, қауіптенетін құбылыс емес.

Қайта нарық заманының алғашқы кезінде ажырасу азайды. Неге десеңіз, нарық жағдайында ажырасу қауіпті. Бұл кезде көп адам ондай қиын қадамға бара бермейді. ►►

Бізде ерлі-зайыптылардың мал-мүлкіне қатысты келісімді реттейтін құқықтық қатынастар 1998 жылы 17 желтоқсанда қабылданған «Неке және отбасы туралы» Заңда белгіленген. Ал неке келісімшартын жасау құқығы елімізде алғаш рет 1993 жылы сол кезде қолданыста болған Қазақ КСР-інің неке және отбасы туралы кодексіне өзгерістер енгізілгенде шықты.

Дегенмен осы кезге дейін мұндай келісімшарт онша тарала қоймады. Отау құрмай жатып ажырасқан күнде кімге ненің тиесілі екенін белгілеу біздің адамға ерсі көрінетіні рас. Оның үстіне заңнамада некедегі жұптың қарым-қатынасы онсыз да егжей-тегжейлі реттеледі. Бірақ өмірде түрлі жағдайлар болатыны белгілі. Кеше ғана сүйіп қосылған екі жастың дәм-тұзы жараспаса, кейде қасыққа шейін бөліске түсетіні бар. Міне, келісімшартқа зәрулік осындайда туындайды. Әрі «жиған-тергенін бөліске түсіргісі келмейтіндер ажырасуға бармайды» деген пікір де бар. Ал статистикаға сүйенсек, өткен жылы 146 443 неке тіркелсе, оның 41 617-сі ажырасқан. Демек, елімізде әрбір үшінші отбасы екіге жарылады. Сондықтан біз жоғарыдағы сауалды мамандардың құзырына ұсындық...

ЖОҚ

– Шындығында, неке келі-сімшарты дегеніміз – түйткілді мәселе. «Әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа» дегендей, мұндай келісімшарттың біздің менталитетімізге сай емес екенін айтқан жөн. Қазір – Құ-дайға шүкір, қоғам да, халқы-мыз да аяғынан тік тұрып келе жатқан заман. Өрине, адамның санасы өзгерген сайын шетел-дегі шаблондарға ұмтылу-шылық болады. Қазақ өзі елік-тегіш халықпыз, сондықтан Ба-тыста сондай екен деп, сән қууымыз мүмкін. Шариғат тұрғысынан алғанда, Иранда осының бір түрі бар. Ол имам-никах деп аталады, қазақ-шаласак, уақытша неке дегенді білдіреді. ►►



Досай КЕНЖЕТАЙ,
дінтанушы.

3-бетте

САПАР

Елбасы Павлодар облысына барды

Кеше Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев жұмыс сапарымен Павлодар облысына барды. Президент алдымен «Еуразиялық энергетикалық корпорациясы» АҚ Ақсу электрстансысында болды. Онда орнатылған электрстансының электрлік қуаты – 2425 МВт. Тек қана алғашқы жартыжылда стансы 7 миллиард киловатт-сағат өндірді. Бұл еліміздің барлық электртұтынуының 15 пайызынан астамын құрайды. Тұтыну қуны – 40 миллиард теңге. Биылғы жылы электрстансыда қуаттылығы 325 МВт болатын № 2 энергоблок іске қосылды. Жаңғырту өндірісті арттырып, жобаның экологиялық тазалығын жақсартуға мүмкіндік туғызды.

Енді 99,6 пайызға дейінгі зиянды нәрсені шығарып тастау соңғы үлгідегі электрфильтрмен тазартылатын болады. Қуаттылығы 325 МВт болатын № 6 энергоблоқты қалпына келтіру жұмыстары басталды. Оны пайдалануға беру мерзімі – 2013 жылы желтоқсан. Инвестиция қуны – 265 млн. АҚШ долларын құрайды. Электрстансы Екібастұз көн орнындағы «Восточный» көмір разрезінде іске қосылған. Электрстансыны аралау кезінде Павлодар облысының әкімі Бақытжан Сағынтаев Мемлекет басшысына өңірдегі кәсіпорындардағы қазақстандық қамту туралы және 2010-2014 жылдарға арналған Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы (ҮИНДБ) аясындағы өңірлік жобаларды іске асыру барысы туралы хабарлар етті. Облыста инвестицияның жалпы көлемі – 1125 млрд теңге, жұмыс орнының саны –

12352, 144 инвестициялық жоба іске асырылуда. Ертісте көпсалалы өнеркәсіп кешені құрылған. Ол жалпы өңірлік өнім көлемінің 50 пайыздан астамын қалыптастырады. Тек бірінші жартыжылдықта ғана облыс 45 миллиард теңгеге жуық инвестиция тартты. Үдемелі индустрияландыру бағдарламасы аясында қазіргі кезде 30 нысан іске қосылса, оның 12-сі биылғы жылы жұмыс істей бастады. Жүздеген жаңа жұмыс орындары құрылды. 2011 жылдың соңына дейін ҮИНДБ аясында өңірде тағы 42 жоба іске асырылатын болады. Оның ішінде 23 жоба инвестициялық көлемі 126,5 млрд теңгеге құрайтын жаңа өндірісті құруға бағытталады. Павлодар облысында ұлттық компаниялардың сатып алуға және жүйе құрушы компанияларда қазақстандық қамтуды арттыру туралы Президенттің тапсырмасы орындалуда. 2009-2011



жылдары жағымды динамика байқалуда. 2009 жылы 184,5 млрд теңге көлемінде тауарлар сатып алынды, жұмыстар атқарылып, қызметтер көрсетілді, ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығында бұл көрсеткіш 308,2 млрд теңгеге құрады. Өзара тиімді ынтымақтастықты дамытудағы негізгі бағыттың бірі ұлттық компаниялар мен жүйе құрушы кәсіпорындардың кәжеттілігі үшін жаңа өнімдерді игеру болып табылады. Облыста өнеркәсіптің ер түрлі салаларында 20 жаңа өндіріс құрылып, жоба іске асырылуда. Барлық жаңа өн-

дірісте Қазақстанда бұған дейін өндірілмеген өнімдер өндірілуде. Отандық өндірісті дамыту құралдарының бірі «Өнімділік-2020» жаңа бағдарламасы болып табылады. Бүгінгі күні өңірдегі 50 кәсіпорын «Өнімділік-2020» бағдарламасына қатысуды жоспарлауда. Мемлекет басшысы электрстансы қызметкерлерімен кездесу кезінде бүгінде министрлік сала Қазақстанның барлық экономикасы тәрізді дамып келе жатқанын атап өтті. Жаңа өндірістер салынууда, халықтың әл-ауқаты артуда. Ақсу электрстансысы еліміздің

энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, Қазақстанның стратегиялық нысандарының бірі болып табылады.

– Бұл электрстансы Батыс Сібір, Алтай өлкесі мен Солтүстік-Шығыс Қазақстанды энергия жүйесімен байланыстырып отырған негізгі тірек болып табылады. Қазіргі уақытта электрстансыда қолданыстағы энергия жабдықтарын жаңғырту және қайта құрылымдау жөнінде өте нақты жұмыстар жүргізілуде. Бұл Қазақстанның энергетикалық саласын одан әрі дамытуда маңызды кезеңнің бірі болып табылады. Электр энергиясын өндірудің және тұтынуының артуы – бұл қазақстандық экономиканың жалпы жағдайының көрсеткіші. Электр энергиясына деген сұраныстың қаншалықты артуы республиканың көптеген өңірлерінің индустриаландыру үдерісіне байланысты. Сенімді энергиямен жабдықтау – бұл экономикалық өсім мен гүлденудің негізі. Әлемнің барлық елдеріндегі жаһандық дағдарыстың құбылыстарына қарамастан, Қазақстан өзіндік ерекшелігімен танылды. Әлемнің дамыған елдерінің күші жетпегенді біз қамтамасыз еттік. Сенімді жұмыс, лайықты еңбек, бейбітшілік пен келісім, қауіпсіздік және ертеңгі күнге деген сенімділік – осының бәрі біздің басты қамқорлығымыз. Мен Ақсу электрстансысының барлық қызметкерлеріне жаңа ұлкен табыстар мен жетістіктер тілеймін! – деді Мемлекет басшысы.

Өз тілшімізден

ДАҚПЫРТ

Банкирден бұзық шықты

Жақында Жамбыл облысының Ішкі істер департаменті ұйымдасқан қылмыстық топтың басшысын құрықтады. Тараздық 55 жастағы қылмыскер бастаған тоғыз адамнан тұратын бұл топ 2006 жылдан бытырға дейін алаяқтықпен айналысып келген көрінеді. Әлгі алаяқ топтың құрамында екінші дәрежелі банк филиалының бұрынғы директоры мен екі қызметкері белсенді мүшесі болып, белсенді әрекет еткені де анықталып отыр.

ІІМ мәліметтеріне сүйенсек, ұйымдасқан топ көпшіге қобылатын мүлктің құнын жоғары бағалап, табысты растайтын жалған құжат ұсынып, бірнеше мәрте несие алған. Осылайша, алаяқтықпен алған несие-нің сомасы 500 миллион теңгеден асқан. «Топтың ұйымдастырушысы уақытша ұстау изоляторына қамалды. Қазіргі уақытта ұйымдасқан топтың басқа мүшелеріне бұлтартпау шарасын қолдану мәселесі шешілуде», – дейді Ішкі істер министрлігі, Мемлекеттік тіл және ақпарат департаментінің басшысы Нұрділда Ораз апталық брифингінде.

Жамбыл облысының Шу мен Құмәзек аралығында қарасора өсетін жерлерден полицейлер Алматы облысының 30 жастағы тұрғынын ұстапты. Өлдіген 1 тонна 185 келі марихуана табылып, алынған. Сондай-ақ сол Шудың маңайынан Алматы қаласының 32 жастағы тағы бір тұрғынынан 1 тоннаға жуық марихуана тәркіленген.

Брифинг барысында Ақтөбедегі бірінен сон бір полицейлермен болған қақтығыстар мен кісі өлімдері жайында айтылмады. Тергеу жұмыстарына кедергі келтірмес үшін әзірге құпия ұстауды жөн көріп отыр.

Айта кететін тағы бір жаңалық, Қылмыстық атқару жүйесі комитетінің қызметі толығымен Ішкі істер министрлігіне өтеді. Шілденің 26-сы күні Елбасы осындай Жарлыққа қол қойған. «Осыған орай қазіргі кезде ғимараттар, техникалық құрал-жабдықтар, автокөліктер және қызметтік құжаттарды тапсыру бойынша тиісті ұйымдастыру жұмыстары атқарылуда. Бұл іс-шараларды қыркүйектің 15-сінше дейін аяқтау жоспарланып отыр», – дейді Нұрділда Ораз.

Салтан СӘКЕН

ОЙҮРТКІ

Кәсіби Парламент Думадағы қазақтарды неге ұмытуы тиіс?!

«Басы 1-бетте»

Яғни алғашқы заң шығарушы органның құрылуы Ресейдегі парламентаризмнің бастауы болды. Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның «Ресей 1905 жылы алғаш рет және соңғы рет Еуропа болды» деп айтатыны да сола оқиғаларға, бетбұрыстарға байланысты пікір болатын. Думаға депутат сайлау туралы жаңалық Ресей отарындағы қазақ даласына жеткен кезеңде ұлт зиялылары да саясат ісіне белсене, сауатты түрде араласа бастаған еді. Сондықтан да патшалықтағы тұңғыш заң шығарушы билікке қазақтардың өз алдына өкілін сайлау мәселесі ұлы далада үлкен қуанышпен қабылданды десек те болады. Өйткені Алаш қайраткерлері Думаға мүше болып, белгілі бір дәрежеде қазақтың басына түскен қайғыны сейілтуге, ұлттың проблемаларын, өзекті мәселелерін шешуге мүмкіндік туды деп санаған болатын. Әрі мұның өзі ұзақ жыл бойы бұғауда болып, ұлт ретінде кемшілікке ұшыраған халық үшін құқықтық, әлеуметтік теңдікке жету үмітін жақсанды. Бірақ қазақ үшін мұндай мүмкіндік аз ғана уақыт өмір сүрген екі Думаның аясымен шектеліп, ұлт мұратына бағытталған ізденістер мен әрекеттер отарлаушы тарапынан қайтадан қыспаққа түсті.

«ДУМА ҒӘМ ҚАЗАҚ»...

Қазақ ұлтынан 1906 жылғы Ресей Мемлекеттік Думасына барлығы 12 адам сайланғаны тарихтан белгілі. Олардың ішінде Бірінші Думаға Семей облысынан – Әлихан Бөкейхан, Торғай облысынан – Ахмет Бірімжан, Орал облысынан Алпысбай Қалменұлы, Ақмола облысынан – Шәймерден Қосшығұлұлы, Жетісу облысынан – Молда Тайынұлы, Астрахань губерниясынан – Бақтыгерей Құлман мен Дәуіт Ноян-Тұндыт, Уфа губерниясынан Салимгерей Жантөре сайланды. Екінші Думаға Семей облысынан – Темірғали Нұрекен, Жетісу облысынан – Мұхамеджан Тынышбайұлы, Сырдария облысынан – Тілеулі Аллабергенұлы, Орал облысынан Бақытжан Қаратай сайланды. Бұлардың арасында Ахмет Бірімжан, Бақтыгерей Құлманұлы, Шәймерден Қосшығұлұлы екі Думаға да депутат болды. Алайда бүкіл патшалық аумағынан сайланған өкілдердің басын қосқан алғашқы екі Дума да билеушінің қолайына жақпағандықтан таратылады. Бірінші Дума – 72 күн, екіншісі 103 күн ғана өмір сүрді. Кейіннен 1907 жылғы патша әкімшілігі қабылдаған «3 июнь заңы» Ресейдің қол астындағы қазақ секілді ұлттарды бұратана ретінде танып, Думаға депутат болу құқынан мүлдем



айырып тастады. Міне, осы құқықты қалпына келтіру үшін қазақ зиялылары қолынан келгенше ұлкен күреске бел шеше түскен еді. Ал патшаның қазақты мемлекет ісінен біржола шеттететін жарлық жасауына не себеп? Бұған, бір жағынан, көзі ашық саясаткерлердің патшалық билік жүйесін қатты сынга алуы түрткі болса, екіншіден, қазақтан сайланған депутаттардың аз ғұмырлы Думада ұлт мәселесі турғысынан өзекті болған жер, дін, оқу істеріне қатысты проблемаларды өткірі белсенділікпен көтеруі, оны үкімет алдына нақты қоя білгендігі де әсер етті деп айтуға тиіспіз. Мәселен, Ахмет Бірімжан, Алпысбай Қалменұлы, Бақытжан Қаратаев Думада қазақ жеріне қоныс аударушы келімсек мужықтарды орналастыруда жүргенсіздіктердің орын алғанын, заңбұзушылықтың болғанын, қазақтың құқы талпалып жатқанын айтып, депутаттық сұрау салады. Дума алаңынан тыс жерде де қазақ зиялылары ұлт мәселесін өткірі қолға ала бастайды. Екіншіден, сол кезеңде қазақ шекарадағы генерал-губернаторлардың қазаққа қандай көзқараста болғаны белгілі. Солар арқылы қазаққа «теріс мінез» берілуі де патшалық саясаттың бағытын өзгертіп жіберді. Осы мәселе «Қазақ» газетінде Әлихан Бөкейханның «Дума ғәм қазақ» мақаласында анық көрсетіледі. Алғашқы Думаны қалыптастыру жолы талқылана бастаған 1905 жылы Ішкі істер министрі Булыгин қазақ даласының генерал-губернаторы Н.Сухотинге хат жазып, онда Дума сайлауы жасалып жатқандығын, соған билік өкілдері өз қол астындағы жұрт мінезі туралы пікір сұрайды. «Қазақ жұртын «анайы, көшпелі, тон астында мұзы ерімей-

тін, мұхит қабағында ит жегіп жүрген самоед, леопардпен бірдей» деп депутат сайлауынан тысқары қылғалы тұрмыз. Сіз қазақты билеп отырсыз, біздің бұл ақылды қалай көресіз?» дейді Ішкі істер министрі. Ал бұған жауап ретінде губернатор Сухотиннің екі түрлі ұстанған пікірі байқалады. Мәселен, ол бір сөзінде министр Булыгиннің қазақ жұрты туралы жоғарыдағы пайымын «алжығандық, адасқандық» деп бағалайды. «Қазақ жұрты іскер, сөзге шешен, өзі – он облыста, саны – 5 миллион, қазақ өз жайын өзі думада баян қылатын жөні бар. Қазақтан думада депутат болмаса, 5 миллион жұрт мақсуды жетім қалады», – дейді. Бұл – мәселенің бір жағы. Өйткені қазақтың жайын да, басқасын да түсіне отырып, Н. Сухотиннің екінші бір пікірі болды, бұл – қазақ тағдырына қатысты әділдікті ысырып қойып, орыстың пайдасын қамдау. Бұл тұрғыдан Ә. Бөкейхан былай жазды: «Н. Сухотин пікіріне келсек: «Рас, қазақ самоед, леопард емес, бұлардың арасы жер мен көктей. Қазақты бұлармен оттас, ошеңтас қыламын деген Булыгин сөзі – әншейін амалсыз себеп. Дегенмен «қазақтың жұртына депутат бермейміз» деген пікір дұрыс емес, біздің патша қол астындағы жұрттың екі бөлімі – орыс, қалған бір бөлімі – поляк, еврей, татар, қазақ ғәм өзге уақ жұрттар. Біздің ең болмаса жарымы сайланған депутаттар жұрттың бәрін құрдақ қылмақ болады, бұларға тамам орыс емес, жұрт сайлаған депутаттар қосылады. Сөйтіп, Думада біз орыс азда қаламыз. Осыған қарағанда, Булыгин сөзі дұрыс: орыс пайдасы. Қазақ ақылсыз, мылқау болса, мұның депутаты жау жаққа шыққанымен, зарары аз.

Қазақ ақылды, шешен болса, бұл қазақты Думадан тысқары қылу керек», – дейді Сухотин». Мінеки, осындай отарлаушы үстемдігің үдете түсу көзқарасының туындауы кейіннен қазақты депутаттықтан шектеуге әкеліп соғып отыр.

Дегенмен де теңдік пен бостандыққа ұмтылу ұшқыны нағыз қоздай бастаған заманда патша үкіметінің мұндай саясатына мойын шұлғып отыра беру ұлт ретінде езіліп, жұрт ретінде «жөк» болумен бірдей еді. Сондықтан да Алаш қайраткерлері өз халқының өркендеуі жолында бастарын байгеге тіге отырып, үлкен күреске түсті. Ондай күрестің басты мұраты ең әуелі патша күші тоқтатқан Думаға депутаттықты қалпына келтіруге бағытталды. Заң шығаратын органда қазақ халқының мүддесін жақтайтын және заңсыздықтың шырмауынан қорғайтын, тек қазақ ұлтының азаматы бола алатынын айтып, шырылдады. Тіпті үшінші Думаға қазақ ұлтынан өкілдің бармайтыны анық болғанда, қандаз, туыстықты алға тартып, Ахмет Байтұрсынұлы бастаған Алаш зиялылары ноғайларға депутаттықтың бір орнын қазаққа қи деп қолқа салды. «Уақыт» (татар газеті) арқылы қандастарға үндеу жолдады. «Қысылған жерде қарасу, қиналған жерде болысу адамшылықтың, мысылманшылықтың ең жоғары дәрежесінен емес еді. «Шаяқат» деген нәрсе бар болғандықтан, біз, Орынбор шақарында тұрған әм сайлау құқына мақрұм болған зиялылар болған бір орында бізге марқабат еткеннен сідерге кемшілігі болмас. Әмбе 6 миллион діндер, қандаз қарындастарыңызға мәңгілік ұмытылмас бір ағайыншылық еткен болар едіңіздер», – деп жазды сол хатта А. Байтұрсынұлы. Ноғайдың ашық пікірлі зиялысы «жолымызды қазаққа берелік, бұл бұйым-

нан емес, құқықтан қарасып берген сыйым- ны тарихтың жүзінде, қазақтың көңілінде қалатын нәрсе» дегенімен, жеме-жемге келгенде бұл жол да қазаққа бұйырмай шықты. Кейіннен «Қазақ» газеті Орал, Ақтөбе облысының қазақтары Ресей патшасы Романовтар әулетінің таққа отыруының 300 жылдық тойына құттықтау жеделхатын жолдап, тілек тілегенін, тілек барысында қазаққа аса қажетті үш нәрсе сұралғанын жазды. Солардың бірі – қазақ халқына уақытша жабылған Мемлекеттік Думаның есігін қайта ашу. Әрине, депутаттықтан айырылу тек Орал, Ақтөбе облысы қазақтарының ғана емес, бүкіл жұрттың жанына батқан ауыр жара болды. Сондықтан да бұл мәселеге қатысты наразылықтар қазақ даласындағы зиялы қауымның көңілінде жүрді. Мәселен, Міржақып Дулатов «Қазақ» газетінде Алаш ардақтысы Отыншы Әлжанұлының қазасына арнаған «Тағы құрбан» атты мақаласында қайраткердің өмір жолынан деректер бере келе, былай дейді: «Отыншы Зайсан уезіне училь болып барған кезде 2-ші Дума куылып, «3-ші июнь законы» бойынша қазақ-қырғыз депутаттықтан мақрұм қалып, қарнарлы үкіметтің қайта күшеюіне бет алған шағы еді. Отыншы Зайсан қазақтарының атынан жаңа ашылған 3-ші Думадағы саяси партиялар бастықтарына телеграмма беріп, үкіметтің әділетсіздігіне наразылық баян еткендігін сол кезде астана газеттерінен оқып едік...». Осындай саяси қыспаққа түскен едік. Думада қазаққа қатысты заң жобалары қаралғанда, ондағы Мұсылман фракциясына арқа сүйеуден басқа жол болған жоқ. Кейіннен қазаққа қатысты заң жобалары мен мәселе талқыланғанда ұлт мүддесі айтылуы үшін Мұсылман фракциясы жанындағы бюро жұмысына Әлихан Бөкейхан мен Мұстафа Шоқай белсенді түрде араласты. Бұл да – өз алдына жеке тақырып.

СӨЗ СОҢЫ

Қазақстанның парламентаризмі тарихында Думаға депутат болған Алаш ардақтыларының зерттеу әлі жүйелі емес. Ашылмаған, айтылмағандық ескерткіштері Парламент үйінің алдындағы алаңда тұрса ше? Олардың есімдері мен портреттері Қазақстан парламентаризмі тарихындағы өзіндік орны бар ұлы тұлғалар ретінде Парламент үйінің көрнекті бұрышында, арнайы мұражайында орын алса игі еді. Тәуелсіздіктің бір тезі – өз тарихымызға қайта-қайта қайырылып, соның әрбір қадамынан сабақ алып отыру. Еңдеше, қазақ зиялыларының Думадағы депутаттыққа күресін, тұңғыш депутаттардың Ресей Мемлекеттік Думасындағы қайраткерлігін ер уақытта сезініп отыру, ең алдымен, бүгінгі кәсіби депутаттарға керек-ақ. Кешегісі бүгін қалай болмақ, ал бүгінгісі ертеңіміз ше? Осыны ойлансақ керек-ті...

Әсел ХАМЗАҚЫЗЫ, Алматы

БІЛГІМ КЕЛГЕН БІР СҰРАҚ

Сенаторлыққа үміткерлерге қандай құқықтар беріледі?

Алда келе жатқан Сенат сайлауында дауысқа түсетін үміткерлерге қандай құқықтар беріледі? Үміткерлер тұрақты жұмысынан уақытша босатыла ма?

Ержан НҮРҰЛЫБЕК, Алматы

Сайлау процесіне барлық қатысушыға бірдей жағдайда бәсекелесуге мүмкіндік беретін тең жағдайлар қамтамасыз етіледі. Парламент Сенатының депутаттығына кандидаттар тіркелген күннен бастап сайлау қорытындысы жарияланғанға дейін жұмыстан, әскери қызметтен және әскери жиындардан босатылуға құқылы. Парламент

Сенатының депутаттығына кандидаттар олар тіркелген күннен бастап және сайлау қорытындысы жарияланғанға дейін, сондай-ақ оларды Парламент Сенаты депутаты ретінде тіркегенге дейін Орталық сайлау комиссиясының келісімінсіз тұтқында алуға, еріксіз әкелуге, оларға сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға, сондай-ақ тікелей қылмыс үстінде ұсталғаннан және ауыр қылмыс жасағаннан басқа реттерде ұстауға болмайды («Сайлау туралы» Конституциялық заңның 47-бабы.).



Мемлекеттік қарызы көп ел қайсы?

АҚШ Президенті Барак Обама мен оның әкімшілігі Конгрестегі партиялармен мемлекеттік қарыз шегін көтеру туралы келісімге қол жеткізіп, АҚШ-ты техникалық дефолттан сақтап қалды. Әлемде мемлекеттік қарызы өте көп елдер қайсысы?

Әрине, ондай мемлекеттік қарызы ЖІӨ деңгейінен асып кеткен елдер көп. Ірі экономикасы бар елдерде қарыз көп болып келеді. Әлбетте, мемлекеттік қарыздың шектен тыс көптігі емес, оның ЖІӨ-ге қатынасы ескелі алынады. Мысалы, ХВҚ болжамы бойынша, Жапонияның мемлекеттік қарызы өте көп. Құнығы елінің ЖІӨ-ге

(4430,4 млрд доллар) қатысты алғанда 234,1%-ға жеткен. ХВҚ-нің есебі бойынша ЖІӨ-ге қатысты мемлекеттік қарызы жоғары елдер тізімі төмендегідей: Сент-Китс және Невис – 204,9% (ЖІӨ – 0,7 млрд долл.), Греция – 139,3% (ЖІӨ – 317,9 млрд долл.), Ливан – 137,5% (ЖІӨ – 63,7 млрд долл.), Ямайка – 131,6% (ЖІӨ – 24,7 млрд долл.), Эритрея –

125,0% (ЖІӨ – 3,8 млрд долл.), Италия – 119,7% (ЖІӨ – 1812,2 млрд долл.), Гренада – 116,3% (ЖІӨ – 1,2 млрд долл.), Барбадос – 113,3% (ЖІӨ – 6,4 млрд долл.), Бельгия – 103,1% (ЖІӨ – 404,8 млрд долл.), Ирландия – 101,7% (ЖІӨ – 179,9 млрд долл.), АҚШ – 99,3% (ЖІӨ – 15157,3 млрд долл.), Антигуа және Барбуда – 99,3% (ЖІӨ – 1,5 млрд долл.), Сент-Винсент және Гренадина – 97,7% (ЖІӨ – 1,1 млрд долл.), Кабо-Верде – 95,7% (ЖІӨ – 2,0 млрд долл.), Сингапур – 95,2% (ЖІӨ – 308,9 млрд долл.), Гвинея – 90,5% (ЖІӨ – 11,5 млрд долл.), Франция – 87,6% (ЖІӨ – 2210 млрд долл.), Сан-Томе және Принсипи – 87,4% (ЖІӨ – 0,3 млрд долл.), Португалия – 87,1% (ЖІӨ – 248,9 млрд долл.).



ОЙ-КӨКПАР

Жас отбасыларға неке келісімшартын міндеттеу арқылы еліміздегі ажырасу фактілерінің азаюына ықпал ете аламыз ба?



Мақаш ТӘЙМОВ, демограф ғалым

«Кеңес кезінде бәрі оңай болатын. Ал қазір бұл қауіпті. Сондықтан әлгіндей ажырасу көбейіп кетті деп кесіп айтқан дұрыс емес деп ойлаймын».

Шетелде әсіресе нарық жағдайында әбден пісіп-жетілген, әбден дамыған елдерде неке келісімшарты қолданысқа баяғыда енгізілген. Айта кету керек, мұндай қадамға елдің бәрі бірін-бірі сүйемгендіктен немесе бақай есеппен бармайды. Бұл – ең алдымен, өзін-өзі сақтандыру деген сөз. Екі жас қосылуға ниет білдірсе, демек, олардың ортақ келісімі келгені. Ал ажырасқан жағдайда жиған-тергенін заңды түрде бөлісуге ықтияты. Сондықтан неке келісімшартына отыру «дәстүрі» бізге де енгені дұрыс шығар. Бірақ ол бізде әлі де кең таралған жоқ. Сонда неке келісімшарты қай жағынан тиімді болмақ?

Біріншіден, әлгіндей міндеттеу ене қалған жағдайда, жастар некеге тұрмас бұрын әбден ойланып алады, яғни ойланбай некелесу азаяды. Екіншіден, қосылған күнде ажырасудан қауіптен бастайды. «Ертеңгі күні не болар екен, соттасуға ұрынып қалмаймын ба» деп алды-артын ойлауға мәжбүр етеді. Сондықтан ертеңгісіне алаңдамай, үйлене салатын жастардың ойлануына жақсы болар еді. Өйткені келісімшарт болған соң, жұбайлардың әрқайсысы өз мойнына белгілі бір жауапкершілікті алады. Неке келісімшартының біздің қоғамға келтіретін пайдасы зиянынан көп болмақ. Бірақ әзірге неке келісімшарты қолданысқа онша ене қойған жоқ.

«Айталық, ер адамның сыртта екі-үш ай жүріп қалатын кездері болады. Сол кезде оған уақытша некелесуіне рұқсат беріледі. Ол ер адамның табиғатына байланысты жасалатын әрекет. Оның өзінің шарттары, экономикалық, психологиялық түйткілдері бар. Еске түсірсек, Қашқарға сапарында Шоқан Уәлихановты да еріксіз үйлендірген. Ал неке – Алланың сүннәті, адамзаттың отбасын құру, өмірге әкеліп, көбею парызы. Бірақ имам-никах та, неке келісімшарты да біздің қоғамға сай емес. Меніңше, неке келісімшартынан гөрі, ар-ұяты тереңдетуге ұмтылғанымыз жөн болар. Біздің қоғамның әлеуеті Францияне болмаса Ресейдің әлеуетімен салыстыруға да келмейді. Демографиялық жағынан жас ұлтпыз. Өсіп-өркендеп, интеллектуалдық өсу жағынан біз жоғары деңгейдеміз».



Досай КЕНЖЕТАЙ, дінтанушы

Сондықтан келісімшарттан гөрі, ар-ұждан мәселесіне, ұрпақ тәрбиесіне көбірек мән бергеніміз жөн. Өйткені тәрбие деген – ешқашан өзгермейтін, топқын тәрізді бірінен соң бірі келіп жататын үздіксіз құбылыс. Ұрпақтар арасындағы сабақтастықты сақтап, білім беріп, өмірлік құндылықтарды жалғастыруға біздің мүмкіндігіміз мол. Бір есептен, мынау көтеріп отырған мәселе өте орынды деп ойлаймын. Өйткені қазір біздің қоғамда осы некеге байланысты неше түрлі жат құбылыстар көбейіп барады. Мәселен, шариғат бойынша мұсылманға төрт әйел алуға рұқсат етілгенін білеміз. Ал кейбір сектанттық ағымдағылар төрт әйелді алып отырып, бесіншісіне көңілі кеткенде, біреуін талақ етіп тастай салады. Бұл – біздің қоғамға жат құбылыс. Қасиетті Құранда қандай әйелді де жауапкершіліксіз тастап кетуге тыйым салынған. Сондықтан бұл мәселені әбден зерттеген жөн.

Арықбай АҒЫБАЕВ, заң ғылымының докторы:
– Былтыр елімізде «Медиация туралы» Заң қабылданды. Бұл дауласушы екі жақ сотқа дейін бір-бірімен мәмілеге келсе, мәселені бейбіт жолмен шешуге болады дегенді білдіреді. Неке келісімшарты да сол сияқты. Егер тараптар келіссе, неке келісімшартын жасауға болады. Оның ешқандай залалы жоқ. Отбасын құрғандар өзара міндеттеме алады. Бұл отбасындағы табыстан бастап, баланы асырауға дейінгі мәселелерді қамтуы мүмкін. Алда-жалда ажыраса қалса, дүние-мүлікті бөліскенде шығатын дау-дамайды болдырмайды. Егер әркім өзіне жүктелген міндетті орындап, дұрыс жүріп-тұрса, еш қиындық болмайды.
Бұл арада мына жағдайды да ескерген жөн. Неке деген сүйіспеншілікпен, махаббатпен қосылып, екі адамның бірін-бірі сыйлап келісуі дегенді білдіреді. Ал келісімшарт жасалса, ол отбасының сақталуына өз әсерін тигізеді. Рас, ежелден халқымыз ешқандай ЗАГС-қа бармай-ақ отбасын сақтап өмір сүрді. «Жеті атаға дейін қан араласпасын» деген тарихи заман өркениет заманына аяқ басқанда, қазақтың менталитетіне сай емес дегеніміз дұрыс емес шығар. Қазір Жер жүзінде жаппай ағылшын тілін үйреніп жатқанда, ол біздің менталитетімізге сәйкес келмейді деп отырған жоқпыз ғой. Сол сияқты «заманына қарай адам» демеуші, қазір халық сауатты, сондықтан неке келісімшартының да еш ерсілігі жоқ деуге болады.
Дайындаған Гүлнар АХМЕТОВА

ЖОБА

«Үнемшіл» үйлер салынбақшы

Қарағанды қаласының орталық тұрғын аудандарында электр қуаты мен коммуналдық шығындарды үнемдеуге лайықталған көп қабатты үйлер салынбақшы. Кабырғасы суық өткізбейтін, терезелері тысқа жылу шығармайтын, құбырларының тұстарына бөліне ішіне жылу тарататын экрандар орнатылатын, дәліздеріне адам кірсе ғана жанатын шамдар қойылған, тіпті әжетханасының өзі ағытпа суды үнемдейтін тоғыз қабатты тұрғын үйдің алғашқысы қаланың 9-ықшамауданында тұрғызылмақшы.

«Үнемшіл» үйдің алғашқысының құрылысына республикалық бюджеттен 350 млн теңге қаражат қаралып отыр екен. Коммуналдық шығындары мен электр қуатын мүмкіндігінше аз жұмсауға арналған тұрғын үйлердің біразы жақын болашақта кеншілер қаласының оңтүстік-шығыс тұрғын аймағы мен Майқұдық арасындағы ашық алаңда бой көтермекші. Бұл манда биіктігі 17 қабатқа дейін болатын зәулім үйлер салынады.
Қарағанды аймағының қысы қытымыр әрі ұзақ созылатын, көмірдің үстінде отырса да, коммуналдық төлемақысы қымбат өңір екені белгілі. Жақын болашақта тұрғызылатын үйлер едәуір үнемге жол ашпақшы. Тек қатардағы тұтынушы халық үшін бағасы тым қымбат болуы да мүмкін...

Мейрам СМАҒҰЛОВ, Қарағанды облысы бойынша құрылыс басқармасының бастығы:
– Қарағандыда жылына шамамен 140 мың шаршы метр тұрғын үй салынады. Үлкен үнемге әкелетін көп қабатты үйлер салсақ, біз жылына 2 млрд теңгеді қаражат үнемдей аламыз. Қазіргі тұрғын үйлердің жайына қарап отырсақ, суық мезгілдерде терезелер арқылы, қабырғалар арқылы жылудың едәуір бөлігі сыртқа шығып кетеді. Ауа алмасу арқылы да үй ішіндегі жылуың 45 пайызы «жоғалады». Ал Қарағандыда салынатын жаңа үйлер осы шығындардың бәрін қысқартуға негізделіп тұрғызылатын болады.

ДЕРЕК-ДӘЙЕК

Жылу-электр қуатын үнемдейтін қос қабатты үйлер биыл облыстың Шет, Абай, Қарқаралы аудандарының бірқатар елді мекенінде салынбақшы. Ауылдық жерлерде қысқы маусымда 100 шаршы метрлік тұрғын үйді жылумен қамтамасыз ету үшін шамамен 15 тонна көмір жұмсалады. Ал биыл салынатын жаңа үйлерде бұл шығын екі есе қысқартылмақшы. Қарағанды облысында қысқы жылыту маусымы 212 күнге созылады. «Үнемшіл» үйлер арқылы тұрғын үйлердің әр шаршы метріне шаққандағы шығын 12 мың теңгеге азайтылмақшы.

Серік САҒЫНТАЙ, Қарағанды

КӨРМЕ

Отандық өнімдердің озығы паш етілді

Өскеменде Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі мен Шығыс Қазақстан облысы әкімінің ұйымдастыруымен «Индустрия-2011» атты республикалық көрме өтті.

Кәсіпкерліктің тасын өрге домалатқан бизнес саласы мамандарының арасындағы әріптестік байланысты нығайтып, олар өндіретін отандық өнімдерді кеңінен насихаттап, халыққа кеңінен таныстыра түсуді, сөйтіп, ел экономикасының дамуына барынша үлес қосуды мақсат еткен аталмыш шараға қалалар мен аудандардан 30-ға жуық кәсіпорын мен қызмет көрсету нысандары қатысты.
Мәселен, көрмеде «Март Студио», «Лиза» сулулық салондары, «Бьюти Би» әсемдік орталығы шаш қою үлгілерінен бастап, бет, дене күтіміне арналған косметикаларды қазірден бастап Қазақстандағы саласындағы жаңа технологиялар бойынша шеберлік сыныптарын өткізді. Сондай-ақ Өскемендегі мейрамханалар мен дәмханалар қызметі де өзара сынға түсті. Байқау қорытындысы бойынша «Bar Va» мейрамханасы мен «Пицца Блюз» дәмханасы және «Бьюти Би» әсемдік орталығы «Қызмет көрсету-2011» сайысының жеңімпаздары атанса, қалған қатысушылар алғыс хаттармен марапатталды.

Көрме барысында инвестициялық жобалар, Кедендік одақтың мүмкіндіктері, отандық өндірісті дамыту тақырыптарында дөңгелек үстел отырысы өткізіліп, кәсіпкерлер мен сала мамандары өзара пікір алмасты. Ұтымды ұсыныстарын талқыға салды. Келешекте мұндай шара Алматы, Астана, Ақтөбе, Павлодар сияқты қалаларда да жалғасын таппақ.
– Өткенде Астанада Президенттің қатысуымен өткен көрме-форумға қатысып қайттық. Ол жерде біз өндіріп жатқан энергия үнемдеуге арналған лампочкаларды қазірден бастап Қазақстандағы өндіріс орындары мен ел тұрғынына жаппай енгізу жөнінде үлкен мәселе көтерілді. Болашақта «қазақстандық құрамдағы» жарықты үнемдеуге арналған электр жабдықтарының үлесін көбейте түсу қажеттігі айрықша айтылды, – деді «BK LIGHT» ЖШС-нің директоры Андрей Воротилов.

Серік ӘБІЛХАН, Өскемен

ӨНДІРС

Қалдықты да кәдеге жаратуға болады

Ауыр және жеңіл жүк көліктерінің ескі доңғалақтары қоқыс тасушылар үшін осы уақытқа дейін бас ауруға айналып келген еді. Өйткені көлігі бұзылғандар оны кез келген жерге тастай салады. Не болмаса, көлік жөндеуі орындар да таудай қылып үйіп қояды. Тіпті бір пысықайлар резина қоқысты кәдеге жаратпақ болып, моншаға жағады. Одан шыққан қою қара түтін бүкіл көшені басып кәліп, көрші мен көрші қырғиқабақ болатын да жататын.

Енді мұндай көлденеу кедергілерге жол жоқ. Шымқалада ескі доңғалақтарды қайта өңдейтін кәсіпорын ашылғалы бері қала біраз қоқыстан арылып қалды. Жуырда ғана жаңа жобаны іске қосқан цех оларды өңдеумен айналысады. Индустриялық аймақтың жанынан ашылған өндіріс орнын Кәсіпкерлерді қолдау қоры қаржыландырады. Жобаның жалпы құны 30 миллион теңге. Мұнда қайта өңделген өнімді релсеке, авторезина төсеніштер мен «Балдырған» велосипедіне қажетті доңғалақтар шығарады. Өндірілген өнімге сураныс та күннен-күнге арта түсуде. Қазіргі таңда жасартыны жоқ, елімізде әкелініп жатқан автокөлік доңғалақтарының бәрі де алыс-жақын шетелдерден тасымалдануда. Берісі – Беларусь, арысы Франция елімізді өз өнімдерімен толтырып отыр. Дәл осы өнімге ешуақытта да сураныс болмай қалмайтыны белгілі. Қайта бүгінде

екінің бірі темір тұлпарды тізігенде жүрген шақта сураныстың артапса, кемімейтіні айтыл. Сондықтан да нарықта өте үлкен суранысқа ие тауарды келешекте өз Отанымызда өндіріп, шетелдік шиналарды нарықтан ығыстырып шығаратын күн де алыс емес сықылды. Аяғын апыл-тапыл басқан резина өңдейтін өндіріс орнының келешекте алып зауытқа айналар шығы да алыс емес сияқты.
Серік АЙСАРЫЕВ, техникалық директор:
– Шина шығаратын шикізат бүгінде нарықта қымбат бағаланады. Бүгінде нарықта 4 мың долларға сатылуда. Бұл – Ресейдегі баға. Резина жасайтын өнімді алмастыруға болады. Бүгінде нарықта үлкен сураныс тудырып отырған өнімді өндіруді арттыруды жоспарлап отырмыз. Мамандарымыздың да біліміне білігі сай.
Гүлжан КӨШЕРОВА

ИННОВАЦИЯ

Кәсіпкер-инноватор үшін тыңнан түрен салатын мүмкіндік бар

Өткен шілде айының 25-інен бастап елімізде технологиялық бизнес-инкубатор бағдарламасы жүзеге аса бастады. 2010 жылы ілкі жоба ретінде енгізілген жүйенің биылғы діндегі – инноваторлардың серпінді идеяларын өндіріс қуатымен ұштастыру. Кеше осы мәселе төңірегінде «Ұлттық инновациялық қор» АҚ арнайы баспасөз мәслихатын өткізген болатын.



Қанат ҚАЗЫ

Кейінгі кезеңде еліміздегі ғылымға бет-бұрыс біршама айқындалғаны белгілі. Арнайы заң да қабылданды, тиісті бағдарламалар тәжірибеге еніп жатыр. Мұның бәрі түптеп келгенде, Қазақстанның инновациялық серпілісін тудырып, елдің әлеуетін арттыруға негізделеді. Әлгі инновациялық серпілістің бір тармағы инноваторлық жобаларды мемлекеттік қолдау ретінде жүзеге асып жатқан технологиялық бизнес-инкубатор болып табылады. Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің қамқорлығымен жүзеге асырып бағдарлама бойынша инновациялық жобасы бар бастамашыларға жәрдем беріліп, жаңашыл жобаларды нарыққа кіріктіру күтіледі. Жоба шеңберінде қолданыстағы технопартнер базасында инноваторлар мен олардың идеяларын қолдау жөніндегі сервисі және инфрақұрылымдық қызметтер жүргізіледі. Биыл бағдарламаға Алматы, Астана, Қарағанды, Өскемен, Орал және Шымкент қалаларындағы технопартнер қатысатыны белгілі болып отыр екен. «Ұлттық инновациялық қор» АҚ басқарма басшысының орынбасары Әнуарбек Сұлтанғазиннің айтуынша, бағдарламаның жүзеге аса бастағаны былтыр ғана болғанына қарамастан, оның бизнес қауымдастығы арасында танымалдылығы артып отыр. Мәселен, бағдарлама бойынша былтырғы жылы технологиялық бизнес-инкубаторлыққа 245 млн теңге бөлінсе, оған 105 өтініш келіп түссе, оның 36-сы жүзеге асыру үшін мақұлданды. «Инноваторлар өзде-дің өңірлері бойынша технопартнермен байланыс жасап, бағдарламаны толық білгені абзал. Қазір технопартнер осы бағытта өздерінің жұмыстарын да бастап кетті. Қоғам, мемлекет үшін қажетті инновацияны өндіріске ендіріп, қанды сермету аса маңызды басымдық», – дейді Ұлттық инновациялық қор өкілі. Расында да, биыл



новаторлар тарапынан бағдарламаға деген құлшыныс ерекше тәрізді. Өйткені бағдарлама бойынша тапсырыс қабылдау мерзімінің басталғаны күні кеше ғана. Соған қарамастан, өңірлердегі технопартнер біршама тапсырысты пысықтауға кіріскен. Жаңашылға жаны жақын, «алтын басты» новаторлар үшін «Технологиялық бизнес-инкубатор бағдарламасы қалай жүзеге асады?» Бұл үшін не қажет, қайда бару керек?» деген сауалдар өзекті болып қалар. Түсіндіре кетейік, технологиялық бизнес-инкубатор арқылы инновациялық жобаларды дамыту және іске асыруға арналған сервисі, қызмет көрсету көшенің түргелі – технопартнердің еншісінде. Сондықтан да инновациялық идеяны жүзеге асырғысы келетін қауым ең алдымен өзіне жақын өңірдегі технопартнер барып, өтініш тастайды. Сосын конкурстық іріктеуден өткен инновациялық жобаларға сервисіт қолдау бойынша кешенді құралдар жиынтығы технопартнер арқылы ұсынылатын болады. «Бекітілген үдерістер бойынша өтініш жасасуы өз қалауына қажетті қызметтер тізімі мен ауқымын тандап алады. Бұл ретте енді ғана істі қолға алған бизнесмендерге олардың инновациялық жобаларын жүзеге асыру үшін кеңсе ғимараттары, жабдықтар, бухгалтерлік, құқықтық, экономикалық, ақпараттық, маркетингтік қолдаулар, сондай-ақ инновациялық компанияның табысты дамуы үшін қажетті саналатын менеджерлік қызметтер де ұсынылады. Осыған орай, өңірдегі технопартнер қызметкерлері өздеріне ұсыныспен шыққан инноваторларға әріптестер мен инвесторлар табу жағынан жәрдемдесетін болады. Инновацияны жүзеге асыру үшін келіссөздер ұйымдастырып, қолдаулар жасалады. Бұдан бөлек, бағдарлама аясында инновациялық өнім үлгілерін жасау шығындары да қаржыландырылуы һәм оларды сынақтан өткізу мәселелері де қамтылуы әбден мүмкін», – дейді Әнуарбек Сұлтанғазин.
Осындай үдеріспен жүзеге асатын технологиялық бизнес-инкубатор бағдарламасы шеңберінде биыл ең кемі 40 инновациялық жоба жүзеге асатыны мекеленген. Бұған шамамен, бюджеттен 306 млн теңге қарастырылғыты. Ал бағдарламаның жүзеге асыру екі сатыдан тұрады. Бірінші кезекте – 2011 жылдың 8-тамызына дейін технопартнерге келіп түскен өтініштер қарастырылып, пысықталады. Осы кезеңде технопартнер қосымша түскен өтініштерді қабылдауды да жүзеге асыра береді. Одан кейінгі кезекте өтініштер «Ұлттық инновациялық қорға» жолданып, онда сыртқы сараптама жұмыстары ұйымдастырылады. Сараптама барысында ұсынылған жобаның өзектілігі, техникалық жүзеге асыру қыры, жаңалығы сарапқа салынады. Ал соңғы, қорытынды сатыда инновациялық даму идеяларының байланысы бар әртүрлі ұйым өкілдері қатысатын Сараптамалық кеңесте өтініштер қаралып, олар тарапынан қорға нақты жобаларды қаржыландыру туралы ұсыныстар жолданады.
Мұрат АҚШАЛОВ, «Астана қаласы өңірлік технопартнері» ЖШС директоры:
– Кәсіпкер-инноваторлардың өз идеяларын іс жүзінде асыруға мүмкіндіктері болмай жататын жағдайы жиі кездеседі. Оның үстіне, кейбір жобалар тәуекелі тым жоғары болғандықтан, оған бел шешіп кірісетіндер көп емес. Бұған мысал жеткілікті. Мәселен, Мәскеудегі Физика институтының тамамдаған, ақпараттық технология сала-

сында қызмет ететін бір топ жас жігіт Астана технопартнеріне өтінішпен келді. Олар ұсынған ақпараттық инновациялық жаңалық сымсыз ғаламтор байланысына қолжетімділік жүйесін жақсартып, пайдаланушы үшін икемді етуге бағытталған. Негізі, нарықтағы операторлардың осындай қызметі көбінесе тұтынудың көңілінен шықпай жатады. Сондықтан да оқпалықтың орнын толтыру үшін жас жігіттердің жаңалығын қолдап, биллингтік жүйені нарыққа енгізуге техникалық жағдай жасадық. Соған ұқсас және бір жағдай: еліміздің құрылыс компаниясының жас ғалымдары инновациялық бояу түрлерін жасап шықты. Жаңалығы: әлгі бояулар отқа төтеп береді, темірге, ағашқа сырланған ондай бояу өрті біршама уақыт тежеу қабілетіне де ие. Яғни жаңадан ашылған бояу түрімен сырланған ағаштар біршама уақыт өртке оранбай тұра алады. Жас ғалымдар нано-технология деңгейінде мұндай бояуды ойлап тапқан соң, бізге өтініш жасап, техникалық қолдау, зияткерлік меншіктерін қорғау қажеттігін сұраған еді. Бағдарлама арқасында олар халықаралық Зияткерлік меншік институтынан инновациялық патент алатыны туралы төрт хабарлама алды. Яғни қазақстандық инноваторлардың бояулары сынақтан өтті, сараптамалық қорытындылары да алынды. Енді мұндай өнімді шығару үшін инвесторлар тартылып, елімізде өндіріс қуатымен қолданысқа енетін болады.

А Л А Ш Т Ы А Л А Н Д А Т Қ А Н С А У А Л

Қылмыстық-атқару жүйесі комитетін ИИМ-ге беруден басқа амал бар ма?

– «Қылмыстық атқару жүйесі комитеті ИИМ-нің қарамағына өтеді» деген сыбыстар жүріп жатыр. Дегенмен әлі ресми мәлімдеме жасалған жоқ. Сондықтан бұл мәселе тек журналистер қауымын ғана емес, құқықтық мәселелермен айналысатын сарапшылардың барлығын алаңдатып отыр. Жалпы, қазіргі әлемде Қылмыстық-атқару жүйесі полициягерге қарайтын елдер саусақпен санарлықтай аз қалды. Тіпті арғы Еуропаны айтпай-ақ, Орталық Азия елдерін алатын болса та, Қырғызстан мен Тәжікстанда ол азаматтық органның жанында. Себебі ондай тәртіп ескі заман жүйесінің қалдықтары ретінде қабылданады. Ондай жүйе тәртіп сақшылары тарапынан жазасын өтеушілерге зорлық-зомбылықтар, шектен тыс заңсыздықтар жасауға мүмкіндік береді. Халықаралық стандарт бойынша, Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті Әділет министрлігінің қарамағында болуы немесе өз алдына бөлек мекеме ретінде жасқалатын дұрыс. Бұл мемлекеттік құрылымдар арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етеді.

– Қылмыстық атқару жүйесі комитетін дербес агенттік етіп құру керек деген пікірге толықтай қосыламын. Осы күнге дейін қылмыстық-атқару жүйесі құрылымын біресе Әділет министрлігіне, біресе ИИМ-нің құрамына өткізуден ешбір ілгерілеу байқамдық. Түрмедегі бүліктер, зорлық-зомбылықтар, өзіне қол жұмсау оқиғалары азаяр емес. Сондықтан меніңше, ҚАЖК өз алдына бөлек мекеме болу керек. Сонда қоғамдық бақылау орнатуға мүмкіндік пайда болатын шығар. Екіншіден, жеке құрылым пайда болғанда ол қызметтің жауапкершілігі де артады. Себебі ИИМ-нің атқаратын шаруасы онсыз да жетіп-артылады, қылмыспен, экстремизммен, жемқорлықпен күрес жүргізеді. Пенитенциарлық мекемелердің күштік құрылымдар қарамағында болуы жемқорлыққа да қолайлы жағдай туғызады.


– 2002 жылы Қылмыстық атқару жүйесі комитеті (ҚАЖК) ИИМ-нен Әділет министрлігіне өтті, мұны демократиялық елдердің барлығы жағымды құқықтық реформа ретінде қабылдаған еді. Жалпы, пенитенциарлық мекемелер күштік құрылымдардың қарамағында емес, Азаматтық министрліктің құрамында болғаны дұрыс. Оны Үкіметке тікелей бағынатын, өз алдына бөлек агенттік етіп жасақтау тіпті де абзал шешім болар еді. Меніңше, Қылмыстық атқару жүйесі жөніндегі мекеме министрге тікелей бағыну керек. Көптеген елдерде солай. ҚАЖК – сот шешімімен бас бостандығынан айырылғандардың жазасын өтеуді қамтамасыз ететін құрылым. Сондықтан полиция мен түрме әкімшілігінің құзырларын нақты айқындап беру керек. Сондай-ақ қылмыстық атқару жүйесінің аймақтағы бөлімшелерін де Ішкі істер департаменттеріне қаратуға болмайды.

– 2002 жылы Қылмыстық атқару жүйесі комитеті (ҚАЖК) ИИМ-нен Әділет министрлігіне өтті, мұны демократиялық елдердің барлығы жағымды құқықтық реформа ретінде қабылдаған еді. Жалпы, пенитенциарлық мекемелер күштік құрылымдардың қарамағында емес, Азаматтық министрліктің құрамында болғаны дұрыс. Оны Үкіметке тікелей бағынатын, өз алдына бөлек агенттік етіп жасақтау тіпті де абзал шешім болар еді. Меніңше, Қылмыстық атқару жүйесі жөніндегі мекеме министрге тікелей бағыну керек. Көптеген елдерде солай. ҚАЖК – сот шешімімен бас бостандығынан айырылғандардың жазасын өтеуді қамтамасыз ететін құрылым. Сондықтан полиция мен түрме әкімшілігінің құзырларын нақты айқындап беру керек. Сондай-ақ қылмыстық атқару жүйесінің аймақтағы бөлімшелерін де Ішкі істер департаменттеріне қаратуға болмайды.

– 2002 жылы Қылмыстық атқару жүйесі комитеті (ҚАЖК) ИИМ-нен Әділет министрлігіне өтті, мұны демократиялық елдердің барлығы жағымды құқықтық реформа ретінде қабылдаған еді. Жалпы, пенитенциарлық мекемелер күштік құрылымдардың қарамағында емес, Азаматтық министрліктің құрамында болғаны дұрыс. Оны Үкіметке тікелей бағынатын, өз алдына бөлек агенттік етіп жасақтау тіпті де абзал шешім болар еді. Меніңше, Қылмыстық атқару жүйесі жөніндегі мекеме министрге тікелей бағыну керек. Көптеген елдерде солай. ҚАЖК – сот шешімімен бас бостандығынан айырылғандардың жазасын өтеуді қамтамасыз ететін құрылым. Сондықтан полиция мен түрме әкімшілігінің құзырларын нақты айқындап беру керек. Сондай-ақ қылмыстық атқару жүйесінің аймақтағы бөлімшелерін де Ішкі істер департаменттеріне қаратуға болмайды.



Сәуле МЕКТЕПБАЕВА, «Халықаралық түрме реформасының» Орталық Азиядағы өкілдігінің директоры



Досым САТПАЕВ, «Тәуекелді бағалау» тобының директоры




Жеміс ТҰРМАҒАМБЕТОВА, «Адам құқығы хартиясы» қоғамдық қорының атқарушы директоры



Жеміс ТҰРМАҒАМБЕТОВА, «Адам құқығы хартиясы» қоғамдық қорының атқарушы директоры



Жеміс ТҰРМАҒАМБЕТОВА, «Адам құқығы хартиясы» қоғамдық қорының атқарушы директоры



Жеміс ТҰРМАҒАМБЕТОВА, «Адам құқығы хартиясы» қоғамдық қорының атқарушы директоры

Әзірлеген Сәкен КӨКЕНОВ



ҚҰҚЫҚ ПЕН ҚҰРЫҚ

Кулагин неге өкпелі?

Бұл туралы Қостанай қалалық прокуратурасы биылғы жылдың бірінші жартыжылдығында атқарылған жұмыстардың қорытындысын шығарған баспасөз мәжілісінде хабарлады. Прокурорлар жалпы қаладағы қылмыстың 31,2 пайызға өсіп кеткеніне алаңдаулы.

Тіпті екі есеге дейін артқан қылмыстар да бар екен. Мәселен, былтыр осы уақыт аралығында 12 қасақана кісі өлтіру тіркелсе, биыл оның саны 23-ке жеткен. Қарақшылық алтыдан 12-ге дейін өскен. Адам тонау да азаймай отыр дейді прокурорлар. Былтыр қылмыстың осы түрінің 109 оқиғасы тіркелсе, биыл ол 39,4 пайызға артыпты. Алаяқтық – 49,6 пайызға, ұрлық 52,5 пайызға өскен екен. Қоғамдық орындардағы бейберекеттік те толастар емес. Былтыр қылмыстың осындай 244 түрі тіркелсе, биыл ол 400-ге жеткен. Бұрын сотты болған жасөспірімдер қылмысы да алтыдан сегізге дейін асыпты.

Прокурорлар қылмыстық істердің көктемнің аяғынан жаз айлары шыға көбейіп кеткенін айтады. Мәселен, биыл жыл басынан сәуірге дейін орташа есеппен 240 іс қозғалған болса, мамырда – 400, маусымда 487 іс қаралыпты.

Шілде айында қалалық ІІБ-ге заңдылықты қадағалау шараларын жүргізген прокурорлар ондағы жағдайдың меземестігін жеткізді. Тексеру барысында тіркеуге алынбаған 150 қылмыстық іс қозғалып, оның 146-сы есепке қойылыпты. Сондай-ақ түнгі рейд кезінде ІІБ-де азаматтарды заңсыз ұстаудың екі фактісі анықталған.

Айта кету керек, жақында облыс әкімі барлық құқық қорғау органының басшыларын жинап, мәжіліс өткізді. Осы жиында аймақ прокуроры Әбдіқадыр Кәрім қылмыстың артып кеткенін сөз етті. Бұдан кейін сөйлеген ІІД бастығы Бөлет Байжасаров «кейбір аудандардағы тәртіп сақшыларымызға материалдық көмек керек» дей бергенде, С.Кулагин ашуға басты. «Осы сендер неге анау жоқ, мынау жетпейді деп тілемсектенің отырарсыңдар?! Барлығыңа көлік мінгіздім, жағдайды жасадым, содан шығарған нәтиже қайда?» – деп Б.Байжасаровтың өзін жерден алып, жерге салған болатын.

Бақберген ҚАРАТАЙ,
Қостанай

Апаттан опат болды

Қарағанды облысының Сәтбаев қаласы тұсындағы Степной шахтасында болған тосын апат салдарынан 36 жастағы Б.Молдашев атты бұрғылаушы қаза тапты. «Қазакмыс» корпорациясына қарасты аталмыш кеніштің №67 шахтасының солтүстік бағытындағы 42-ұңғының кезекті учаскесінде забой бұрғылап жатқан жұмыскердің көлігінің үстіне үй орнындай кен массасы құлап кеткен.

Оқиға түнгі 2-ден 28 минут кеткенде болған екен. Алдын ала сараптау қорытындылары бойынша «Параматит-16» кен бұрғылау машинасының тіркемесіне құлаған кен үйіндісі құрылғының электр шамдарының қысқа тұйықталуына әкеліп соқтырған. Соның салдарынан кен машинасы жанып, жұмыскер үйінді астында қалып қойған. Марқұмның денесі таңертеңгі сағат 11-ден 45 минут кеткенде сыртына шығарылды. Ал шахтаның забойында болған өрт таңертеңгі сағат 8-ден 30 минут кеткенде толығымен тоқтатылған.

Оқиға болған кезде шахтада түнгі ауысымға шыққан 123 адам жұмыс істеп жүрген екен. Өрт басталған бетте-ақ барлық жұмыскер қырға шығарылған. Өрт сөндіру ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің Қарағанды облыстық департаментінің әскерлендірілген құтқару қызметінің 18 маманы қатысып, үш техника жұмылдырылған.

Қазір аталмыш оқиғаға байланысты іс қозғалып, тергеу амалдары ұйымдастырылуда.

Серік САҒЫНТАЙ,
Қарағанды

МӘСЕЛЕ

БҰҰ-ның дерегіне сенсек, бүгінгі таңда жер шарының әрбір алтыншы тұрғыны таза ауызсуға зәру екен. Сондықтан бүгінде су ахуалы әлем елдерінің басын қатырып отырған басты мәселеге айналып отыр. Ал тез арада су мәселесін шешуге ұмтылмасақ, 2025 жылға қарай әлемдегі әрбір екінші адам су тапшылығын сезінетін көрінеді. Әлем ғалымдары осындай болжам жасап отырса, еліміздің гидролог ғалымы Жақыпбай Достайұлы «2030 жылға қарай судың бағасы мұнай құнымен тең болады» деген қорқыныштылау болжам айтады.

Қуаныш ӘБІЛДӘҚЫЗЫ

Су мәселесінің мұншалықты шиеленісуіне көптеген жағдай әсер етіп отыр. Соның ішінде су мәселесінің елеулі себебі адамдардың жерасты суларын аяусыз лақтауы болып табылады. Мәселен, әлем бойынша су қорының айтарлықтай бөлігін иеленген Ресей елінің жерасты су көздерінің 17 пайызын санитарлық нормаларға сай келтірмей тастағаны анықталған. Ресейліктер ғана емес, су көздерін лақтауда әлемнің барлық елі дерлік алдына жан салмай тұр. Бүгінде ауызсу ретінде халықтың қажетіне жарап отырған Тянь-Шань мұзарттары 1957 жылдан бері 30 пайызға кішірейген. Ал 2025 жылға дейін оның тек жартысы ғана қалады деп күтілуде.

Әлем бойынша Әмудария суы деңгейінің соңғы он жыл ішінде үшінші мәрте қатты төмендеп кеткені жайлы әлем ғалымдары дабыл қағуда. Осы орайда БҰҰ Орталық Азия елдері басшылары су қорын басқаруда ортақ мәмілеге келіп, Әмудария өзенін сақтау шараларын қарастырмаса, мұның арты үлкен апатқа соқтыруы мүмкін екенін айтады. Кезінде Әмудария өзенінің Арал теңізіне құяр бөлігі азаюына байланысты теңіз суының тартылуына жасырын емес. Сондықтан Әмудария Арал теңізінің кебінен көп деген қорқыныш бүгінде сөйлемей тұр. Бұл – мөлдірлігі жөнінен Орталық Азия елдері арасында ғана емес, әлем бойынша алдыңғы орынды иеленетін, байлығы мен шұрайлығы үшін жоғары бағаланған, жетекші су көзі саналатын өзеннің басындағы жағдай.

Су ресурстарын қорғауға арналған арнайы заңның барына қарамастан, өнді-

«Су соғысы» дәуірі келе жатыр



рістік қалдықтарды суларға төгу, жерасты суларын қалай болса солай пайдаланылуы қана қоймай, оны түрлі жолдармен лақтау әрекеті тоқтар емес. Гидролог мамандар жерүсті суларының ластануынан жерасты сулары да лайланып, адам денсаулығына қауіп төндіретінін айтады. Яғни су сапасының төмендеуі адам денсаулығына кері әсер етіп қана қоймай, ауа райының нашарлауына, экологиялық жағдайдың өршуіне де әкеліп соғады екен. Суларға қатысты мұндай аяусыз әрекет біздің елімізге де тән. Мәселен, осыдан 30 жылдай бұрын жасалған зерттеу нәтижесінде елімізде ірілі-ұсақты 48 мың көл бары анықталған. Алайда өткен жылғы зерттеу нәтижесінде бұлардың басым бөлігінің жойылып, қалғанының тұздылығы артқаны анықталған. Тұздылығы артқан көлдерде балық мүлдем тіршілік етпейді. Және тұздандудың соңы олардың кебуіне алып келеді. Соның мысалы, кезінде Арал атырабында 3 мыңнан астам көл болса, кейін солардың 300-дейі ғана қалған. Қорқыныштысы сол, көпкең көлдердің орнына шөлге бейім шіл, жантақ, жусан секілді шөптер өсіп, өзен-көлдердің тартылуының соңы экологиялық жағдайы, ауа райының өзгеруіне де қатты әсер ететіні байқалған. Соңғы кездері Балқаш көлінің мүшкіл халі мен Жайық

суының екі есе азайғаны жөнінде де жиі айтыла бастады. Алайда, өкінішке қарай, өзен-көлдеріміздің экологиялық жағдайын шешіп, жерасты суларды сақтау жөнінде жасалып жатқан іс-шаралар жоқтың қасы. Алдағы уақытта мұнай құнымен тең тұсер су мәселесіне ешкім бас қатырар емес. Өзара әріптестік қарым-қатынастары біршама дамыған елдер көптеген ортақ мәселені шешуге мүдделілік танытқанымен, су қорын бірлесіп, тиімді қолдану сияқты маңызды мәселелерді шешуге құлықсыздық танытуда. Судың да сурауы барын естен шығарғандар. Осылайша, көптің үрейін тудырып отырған 2025-2030 жылдардағы су мәселесінің алдын алу мүмкін болмай отыр.

Біздің еліміз пайдаланатын суының 50 пайызы дайын басқа елдерден келетін өзендерден алады. Оның ішінде Қытайдан – 19 пайыз, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстаннан – 17 пайыз және Ресейден 7 пайыздай су алады. Бұл су ресурстары шаруа қожалықтары мен егіс даласын суаруға пайдаланылады. Айта кетер жайт, біз су алып отырған елдердің экономикасы өскен сайын олардан келетін су мөлшері де жыл өткен сайын азаюда. Тіпті күндердің күнінде түрлі сылтаулармен олар су көздерін жауып тастаса да, біз ешкімге өкпе

айта алмаймыз. Сондықтан мамандар ертерек өз жоғымызды өзіміз түгендеп үлгергеніміз жөн дейді.

Жақыпбай ДОСТАЙҰЛЫ, ҚР БҒМ География институты су мәселелері бөлімінің меңгерушісі, география ғылымының докторы, профессор:

– Егер суды тиімді пайдалану жүйесіне көшсек, аталмыш мәселенің алдын алуға үлкен мүмкіндік бар. Тек осыны түсініп, біздің мемлекетіміз дер кезінде тиісті шараларды қабылдай білсе екен. Еріген қар суларына шейін бағыттал, құйып алу арқылы техникалық су ретінде пайдалануға тырысуымыз қажет. Таза ауызсуды көлік жуып, көше шаңын басуға пайдалануды тоқтатпасақ, ертеңгі күні өкініштен бармағымызды шайнаймыз. Қазіргі таңда экономикасы мен халқының саны өскен сайын Қытай еріксіз судан қысып жатыр. Қырғызстанда да дәл осындай жағдай. Сондықтан біздің тез арада суды үнемді пайдалануға көшкеніміз жөн. Су жанжалынан біздің елімізге де қауіп бар. Өткен жылдары Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша кетпен ұстаған шаруаларымыздың өзбектермен бірнеше рет қақтығысып қалғанының куәсі болдық. Мұндай суға қатысты келіспеушіліктер жиі тіркеліп қалады. Ал алдағы уақытта тіпті өрши түсуі мүмкін. Сондықтан суға қатысты мәселелерімізді ертерек шешіп алуға тырысқанымыз жөн. Өткен жылы Стокгольмде өткен су форумында дүниежүзі бойынша соңғы он жыл көлемінде 700-ден астам суға қатысты қаруланған қақтығыс болғаны айтылды. Бұл – өте өзекті мәселе. Әр мемлекет мұнайсыз, алтынсыз өмір кешуі мүмкін, бірақ суызы өмір сүре алмайды. Бұл – анық. Осы орайда суға қатысты қақтығыс болуын да жоққа шығаруға болмайды.

● ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК ●

Біраз жылдан бері 22 наурыз Дүниежүзілік су ресурстары күні болып аталып өтіліп келеді. Бұл атаулы күн суға қатысты әлдебір қуанышты жағдайдың әсерінен емес, керісінше, жыл өткен сайын суға қатысты мәселелердің көбеюі, су ресурстары жағдайының нашарлауы салдарынан белгіленген.

Бәленің өзі де, МАИ-дің көзі де – қызылда...

Дүниеде көліктің қанша түрі болса, Қазақстанда соның бәрі бар секілді. Аса қымбат санатқа жататын «Бентли» мен «Кадиллактың» өзін көшеден көп-көрім байқай бастадық. Жұртшылық арасында ауқаттылар санының артып отырғандығынан да болар бұл. Дегенмен айтағымыз бұл емес. Байқасақ, қалың көліктің арасында еліміздегі заң-ережелерде бекітілген стандарттар мен пайдалануға тыйым салынған көлік құралдары да жиі кездесетін болды. Соның басым бөлігі – Америкадан әкелінетін, бұрылыс шамдары қызыл түсті болып келетін көліктер. Қазақстанның жол қозғалысы ережелеріне сәйкес, мұндай қызыл түсті бұрылыс шамдары бар көліктерге елімізде жүруге рұқсат етілмейді. Бұл жағдайда бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, яғни 7560 теңге айыппұл салынады. Тіпті мемлекеттік нөміріңізден де айыруға құқысы бар. Себебі ондай көліктерге, заң бойынша, Қазақстанға кіруге рұқсат жоқ.

Осы жерде «мұндай жол апатына мүмкіндік беретін көліктерге біздің елдің стандарттарына сәйкес келеді деген сертификат неге беріледі?» деген сұрақ туындайды. Бізге белгілісі, шетелдерден елімізге келген көлік толықтай зертханадан өтеді. Басынан бақайшығына дейін стандарттарымызға, талаптарымызға, ережелерімізге сәйкес болғанда ғана ол көлікке сертификат беріледі. Ал мұндай сертификат берумен айналысатын елімізде 34 компания бар екен. Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі, Техникалық реттеу және метрология комитеті бұл жұмысты осыларға табыстаған. Аталмыш компаниялардың әрқайсысында түрлі тексеру аппараттары мен жабдықталған зертханалары болуы шарт. Олар алдына келген көлікті 100-ден астам бағалау параметрі бойынша тексеріп, сол параметрлерге сәйкес келмесе, кері қайтарып, сәйкес келсе, сертификат береді. Олар сол сертификатпен ғана Жол полициясы комитетінің алдынан өтетін болады. Жол полициясы комитеті сол сертификатқа қарап, жүргізушілердің өз көліктерімен жолда жөңкілуіне рұқсат береді. Әрине, олар да техникалық бақылаудан өткізеді. Алайда, олардың тексерулері жаңағы компаниялардың зертханасындай болмай отыр. «Себебі бізде олардағы секілді тексеру құрал-аспаптары, жабдықталған зертханалар жоқ. Ондайлар тек үлкен қалаларда ғана болады», – дейді Жол по-

лициясы комитетінің, ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы Ташкенбай Шыныбеков.

Ендіше, барлық мәселе сертификат беретін орындардан шығып тұр. Біз сондай сертификат беретін Сараптау және сертификаттау ұлттық орталығына хабарласып баққан едік. Зертханалар бастығы Нұрлан Жумабековтің телефонына қоңырау шалып, сұрақ қойғанымызда, «бұрылыс шамдарының түсінде шатағымыз жоқ» деген жауап алдық. «Ереже бойынша бұрылыс шамдары сары болуы керек қой. Бірақ біз оның түсін тексермейміз. Тек шамның қуатын, жарық күшін ғана тексереміз», – дейді Нұрлан Жумабеков. Әйтсе де, біздің бүлімімізше, аталған қызмет зертханалардың міндетіне кіруі шарт. Сонда еліміздегі зертханалар өз міндетін қалай атқарып отыр? Әлде осы біше теріс саналатын бұрылыс шамдарының арқасында қосымша нәпақасын айырып отыр ма? Себебі тұрларын шетелден енді қуып келген адамға бұрылыс шамдарын ауыстырып жүргенше, сол жерден-ақ «есеп айырыс-



қан» оңайға түсетіні бесенеден белгілі. Осылайша, жең ұшынан жалғастыққа жол беретін тәрізді. Ал ондай селқостықтың арты жол апатына әкеліп соқпайтынына кепіл жоқ. Сондықтан да сертификат бере-тін орталықтардың зертханаларынан бастап, тиісті шара қолданылса игі.

Ташкенбай ШЫНЫБЕКОВ, Жол полициясы комитетінің, ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы: – Көліктің біздің стандарттар мен талаптарға сай келетінін, келмейтінін сертификат беретін орталықтардағы зертханалар тексереді. Өйткені, бұл қызметтер соларға жүктелген. Олар бізге «барлық талапқа сай келеді» деген сәйкестік сертификатын береді. Егер біз бұрылыс түстеріне қарамай-мыз десе, онда қорқып, қустанып отыр деген сөз. Себебі Алматыдағы сертификат беру орталықтары қызыл түсті бұрылыс шамдары бар көліктерге сертификат бермей жатыр. Олай болса, бұлар неге оған қарамайды?

Нақтылай түсу үшін жол қозғалысы ережесінің көлік құралдарын пайдалануға тыйым салынатын ақаулар мен жағдайлардың тізбесін қарап шығуды ұсынар едік. Ереженің 3.6-тармағына және қозғалыс қауіпсіздігі шарттары бойынша техникалық жай-күйіне қойылатын талаптарға сәйкес, көліктің бұрылыс шамдары бірыңғай сары болуы керек, ал қызыл түсті болған көліктерді пайдалануға тыйым салынады делінген. Әйтсе де бүкіл әлемнің автокөлік өткізу нарығына айналған Қазақстанда мұндайдың талайы сайраңдап неге жүр?

Әлгі көліктер келетін АҚШ-тың өзінде Жол қозғалысы қауіпсіздігі қауымдастығы қызыл және сары түсті бұрылыс шамдарының қауіпсіздігін салыстырып, біршама зерттеу жүргізіп баққан екен. Зерттеу нәтижесінде сары түсті шамдар қызыл түсті қарағанда 5,3 пайызға қауіпсіз болып шықты. Яғни қызыл шамы бар көлік апатқа жиірек ұшырайтыны анықталған. Басты себеп: көлік жүргізушілер көп жағдайда алдындағы көліктің қызыл түсті бұрылыс шамын тежегіштің шамымен шатастырып, жылдамдықты үдеткен күйі көліктің артына «кіріп кетіп» жатады.

Азамат СҮЛЕЙМЕНОВ, Тараз қаласы жалақы алуы еңбек шартының шарттардың өзге түрлерінен ерекшелігі болып табылады делінген. Осылайша, бос жұмыс орнына алынатын қызметкер нақты бір лауазым бойынша жұмыс атқаруы тиіс, бұл орайда жұмыс беруші мен қызметкердің арасындағы қатынастарда еңбек шарты ерекшеліктерінің бірі орын алмақ. Сондықтан бұл жағдайда қызметкермен міндетті түрде еңбек шарты жасалуы тиіс.



Панасыз қалған балалардың саны қанша?

Мені еліміздегі ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың тағдыры толғантады. Жақында шетелдік журналдардың бірінен Еуропада жыл сайын ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар санының артып келе жатқаны жөнінде дерек оқыдым. Ал біздің еліміздегі ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың саны қанша? Марал БАЙҚАДАМОВА, Талғар қаласы

Қуанышқа орай, біздің елімізде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың саны Еуропамен салыстырғанда керісінше, жыл өткен сайын кеміп келеді екен. Мәселен, 2006 жылы елімізде 51 294 бала ата-анасының қамқорлығынсыз қалса, 2007 жылы бұл статистика 48 456-ны құраған. Ал 2008 жылы 46 126 болып,

2009 жылы тағы да кеміген үстіне кеміп, 42 494-ке жеткен. Ал өткен жылы 38 386 бала ата-анасының қамқорлығынсыз қалған. Еліміздегі панасыз қалған балалар туралы ресми дерек осылай дейді. Статистика көрсетіп отырғандай, панасыз қалған балалар санының жыл өткен сайын азайып келе жатқаны байқалады.

АЛАШ-АҚПАРАТ

Есірткішілер есіріп барады

«Дельта-Долина» Ауданаралық есірткі бизнесіне қарсы күрес бөлімі қызметкерлері «Кендір – 2011» операциясы барысында Жамбыл облысы Меркі ауданының Тәтті ауылынан 8 шақырым солтүстікте құмды аймағынан бузақылығы, ұрлығы үшін бұрын сотты болған 38 жасар Тараз қаласының тұрғынын ірі көлемді қарасорамен ұстады.

Тексеру барысында одан кептіруге қойылған 672 келі есірткі шөбі тәркіленді. Осыдан бір күн бұрын жамбылдық есірткі бизнесімен, ұйымдасқан қылмыспен күресуші полицейлер мен жол сақшылары жедел-алдын алу іс-шарасын өткізу барысында, Шу қаласынан 35 шақырым жерде орналасқан Ақтам жер телімінде ұрлығы үшін төрт мәрте сотты болған оңтүстік астананың тұрғынын бір тонна марихуанамен ұстады.

Шопырхан ЖАПАБАЕВ, ІІД ЕБҚБ бастығы полиция полковнигі:

– Екі есірткі өндіруші де кінәларын мойындады. Әкі дерек бойынша ҚР ҚК 259-баптың 3-бөлімімен (ірі көлемдегі есірткі өнімдерін заңсыз дайындау, сақтау немесе сату) қылмыстық іс қозғалды. Қасқұнемдерге 20 жылға дейін бас бостандығынан айырылу қаупі төніп тұр.

Жыл басынан бері «Кендір – 2011» операциясын өткізуде полицейлер 7,5 тоннадан астам марихуананы тәркілеп, 52 есірткі қылмысын ашты, оның ішінде 22-сі сату, үшеуі – контрабанда, төртеуі – есірткі құрамды өсімдікті егу.

Балабақшаның ақшасы бастықтың қалтасында...

Жуырда Жамбыл облысы бойынша Қаржы полициясы «Иван құрылыс» ЖШС басшысына қатысты қылмыстық іс қозғады. Өткен жылы Мойынқұм ауданы әкімдігі білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімінің Бірлік ауылындағы «Ақбөле» балабақшасына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге мемлекеттен қаражат бөлінген.

Мемлекеттік коммуналдық қазынашылық кәсіпорны осы жұмыстарды атқаруға мемлекеттік сатып алу конкурсының жеңімпазы болып «Иван құрылыс» ЖШС-і таңылған. Осыған орай, «Ақбөле» балабақшасының директоры және «Иван құрылыс» ЖШС-гі директоры арасында балабақша ғимаратына 8 млн теңгеге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге келісімшарт жасалынып, жөндеу жұмыстарын жыл аяғына дейін сметалық құжаттарға сай сапалы жүргізіп шығуға міндеттеліген. Алайда қарсы тексеру жүргізу кезінде «Иван құрылыс» ЖШС директоры, Д. деген азаматтың мемлекет қаражаттарын алаяқтық ұрлау мақсатында сметалық құжаттарда қаралған жөндеу жұмыстарын толық көлемде орындамағандығы анықталды. Ол атқарылған жұмыстар туралы актілерге және анықтамаларға мемлекеттік қаржысын алаяқтықпен ұрлау мақсатында, атқарылмаған жұмыстарды қоса жазып, мемлекет қаржысын өзіне иемденіп алған. Сот сараптама қорытындысына сай, Мойынқұм ауданы әкімдігі Білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Ақбөле» балабақшасына жасалынған күрделі жөндеу жұмыстары атқарылған жұмыстар туралы актілерге сай емес екендігін нақтылады. Атқарылмаған жұмыстардың құны 1 миллион теңгені құраған. Қазіргі уақытта қылмыстық іс айыптау қорытындысымен аудандық прокуратураға жолданды.

Гүлжан КӨШЕРОВА



ЫБІЛГІМ КЕЛГЕН БІР СҰРАҚ

Азаматтық-құқықтық келісімшартпен жұмысқа қабылдауға бола ма?

Штаттық кестеде орын босаған жағдайда уақытша бос тұрған штат орнына қызметкерді азаматтық-құқықтық келісімшартпен қабылдауға жол беріле ме? Осы сұраққа тиісті орындардан жауап алып берсеңіздер екен...

ҚР Еңбек кодексінің 27-бабына сүйенсе отырып жауап берсек, еңбек шартының шарттардың өзге түрлерінен ерекшелігі туралы бөлімінде еңбек шартында мына талаптардың біреуінің болуы: қызметкердің жұмысты (еңбек функциясын) белгілі бір біліктілік, мамандық, кәсіп немесе лауазым бойынша орындауы, міндеттемелердің еңбек тәртіптемесіне бағына отырып жеке орындалуы, қызметкердің еңбегі үшін

жалақы алуы еңбек шартының шарттардың өзге түрлерінен ерекшелігі болып табылады делінген. Осылайша, бос жұмыс орнына алынатын қызметкер нақты бір лауазым бойынша жұмыс атқаруы тиіс, бұл орайда жұмыс беруші мен қызметкердің арасындағы қатынастарда еңбек шарты ерекшеліктерінің бірі орын алмақ. Сондықтан бұл жағдайда қызметкермен міндетті түрде еңбек шарты жасалуы тиіс.



МЕРЕКЕ
Өскемен өзгере түспек

Биыл өскемендіктер тамыздың 30-ы күні тойланатын қала күнін ежелгі Рим стиліндегі ерекше амфитеатрда қарсы алатын болды. Бүгінде құрылыс жұмыстары қызу жүргізіліп жатқан бұл ғимаратқа Ертіс өзенінің жағасынан орын бөлінген.

Әсем амфитеатрдың дәл қасынан көке шапшыған субұрқақтар каскады мен Коллизей үлгісіндегі «Неке сарайы» салынып жатыр. Ал Новаторлар көшесінен басталатын «Ғашықтар саяжолы» осы сарайға келіп тұйседі. Саяжолдың екі жиегі «Мүсіншілер симпозиумына» қатысушы шеберлердің қолынан шыққан әртүрлі ғажап бейнелермен көркемделмек.

—Қалалық әкімдіктің ұйымдастыруымен және жеке кәсіпкерлердің қаржылық қолдауымен жұмыс істеп жатырмыз. Қаржыландыру жеткілікті болса, Неке сарайының құрылысын жыл соңына дейін аяқтаймыз. Ал амфитеатр қала күніне дейін бітеді, — деді қаланың бас сәулетшісі Мұратхан Сағатов.

Бұдан бөлек қала күні мерекесіне орай қабырғасында «ҚАЗАҚСТАН» деген жазуы мен желбіреген Туы бар Ботпай тауының басына үлкен Елтаңба орнатылып, арнайы тақтаға Әнұранның мәтіні жазылмақшы. Жаяу жүргіншілер шығатын баспалдақ пен көру алаңайына жасау да назардан тыс қалмаған. Флаштоктың биіктігі 40 метрге дейін ұзартылып, Тудың көлемі үлкейтілмек.

Сонымен қатар Өскеменнің туған күнінде «МузАрт» вокалдық-инструменталды тобы мен Румынияның Moganăi ән тобының жұлдыздары бастаған бірқатар эстрада майталманы жұртшылық алдында өз өнерін паш етпек.

Серік ӘБІЛХАН,
Өскемен

АЛТЫН КӨМБЕ

Арқада Маясардай ақын өткен... Ауыз әдебиетінің майлы жілігі – Маясардың мұрасында

Абай айтқандай, қызыл тілдің толғайтыны – тоқсан. Әсіресе бұл қазақ халқына тән қасиет сынды. Көмейінен жыр нәсері құйылып тұрған, айтары мол ақындар өмірде көп болған. Жазу-сызу білетін адам көп болмаған не тарих бетінде қалуды құнттамаған соң, олардың көпшілігі көзкөрген көнекөз қариялардың есінде ғана қалып, жалпы танылмаған. Солардың кейбірі «менмін» деп тарих кітабының бір парағында аты қалғандардан да ірі, өлеңдері де – өзекті. Кенен, Шашубайлармен ыық тіреп қатар жүріп, сөз қағыстырған Арқаның айтұлы ақыны Маясар Жапақов жайлы не білеміз?

Жадыра ЖҰМАҚҮЛБАЙ



Камел ЖҮНИСТЕГІ, жазушы:

— Ауыз әдебиетінің дамуына өзіндік үлесін қосқан, шындықты қуаттап, өмірдің ер қадамына қуаныш лебізін білдіріп келген халық ақыны Маясар Жапақов Бұқар жырау, Кемпірбай, Шортанбай, Біржан сал, Әсеттің мұрасын молынан игерген. Ол — Қарсыбектің Төлегені, Сәрінжіп ақындардың айтыс өлеңдерін сақтап, бізге жеткізген. Қақпан ақынды ұстаз тұтып, Шашубай, Жамбылдармен сан жүздескен. Ол төңкеріс заманынан кейін елді оқуға, білімге, еңбекорлыққа шақырған. Оған дербес зейнеткер Сәулебек Сыздықовтың: «Ауылдық совет председателі болып тұрғанымда Маясар жеті жылдық мектеп салайып деп ұсыныс жасады. Нәтижесінде, шотпен шауып,

кірпіш құйып, мектеп үйін салдық» деп аудандық «Ильич туы» газетіне жазуы дәлел.

Маясардың мысал өлеңдері де — ауыз толтырып айтарлықтай молдүние. Ол өз жанынан терме-жырлар, нақыл сөздер, мақал-мәтелдер шығарған. Олардың бірқатары «Жазушы» баспасынан шыққан «Қанатты сөздер» кітабына енген: Амаңдықта қадір жоқ, алдырған соң білерсің, Денсаулықта қадір жоқ, ауырғанда білерсің, — десе, бірде: Биік таудың басы жақын, бөктері қашық, Білімсіздің туысы бір, көңілі қашық», — дейді. Маясар 1940 жылы Доскей

Боранбай МАЯСАРОВ, ақынның немересі:

— Атамның ұстазы сопы Қақпан деген кісі болған. 1934 жылы Қызылжарда жеті жасында шешек шығып, екі көзінен суқараңғы боп қалған екен. Шашубай, Маясарлар іздеп барып, үлгі алған адам. Атамның мұраларын алып қалып, жинақтаған — өз әкем Әбдіқұл мен күйеу баласы Камел Жүнісов. Көзі тірісінде кітабы шығарылмай кеткендіктен, кейіннен топтастырып шығарды. М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының мұрағатында атамның аузынан жазылып алынған 500 беттік таспа бар. Ол ақын ғана емес, жыры да болған. «Ләйлі-Мәжнүн», «Ер Тарғын», «Қобыланды», «Қамбар», «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» сынды қисса, дастандарды жатқа айтқан. Әнші және көріпкел болған. Өзі шығарған әндерін шәкірттері Рысқұл Жақанов пен Жамал Одықов және әкем жеткізген. «Қос қоңыр», «Тағылы» әндері айтылып жүр. 1932 жылғы ашаршылыққа арналған поэма іспетті «Қоңырқаяу» деген әлі жарыққа шықпаған әні бар. Сол сынды бірнеше әнін, Алла қаласа, шығармақпыз.

Табаң астында тауып айтатын тапқыр ақын, бұрынғының қиссаларын жатқа оқытын жыршы, зор дауысты әнші әрі композитор болған Маясардың ұрпақтары да бұл өнерден көнде емес. «Жақсыдан жаман туса да, жаманнан жақсы туса да тартпай қоймас негізге» дегендей, ақынның немересі Боранбай да домбырамен ән салады. Ал шөбересі Жақсыкелді Маясаров ата жолын кәсіби музыкалық тұрғыда жалғап жүрген жайы бар. «Сегіз қырлы» телебайқауының екінші маусымына қатысып, 1-орын алған ол жүрген жерінде ата-сының әндерін шырқап, насихаттап келеді. Пәйғамбар хадисінде адам өмірден өзі етсе де, артында Құран бағыштап, дұға оқытын ұрпағы ментек осы өмірде жасаған жақсы амалдары қалады деген екен. Жақсының аты өлмей, асыл мұрасы ескелең буынға азық болып жүргенін аңғардық. Ал Құран бағыштап, ән мұрасын жалғайтын Жақсыкелдідей ұрпағы бар. Арқаның ақтаңгер ақынының көзі кетсе де, бай әдеби мұрасының көңілден кетпейтініне сенім мол.

ДҮНИЕҒАПЫЛ

Есенбай ақын өмірден өтті

Қазақ поэзиясының боз ала таңы, ақын Есенбай Дүйсенбайұлы қайтыс болды. Марқұммен қоштасу 5 тамыз күні, сағат 11.00-де Қазақстан Жазушылар одағының ғимаратында өтеді.



Қазақ әдебиеті орны толмас ауыр қазаға душар болды. 72 жасқа қараған шағында көрнекті ақын Есенбай Дүйсенбайұлы дүниеден өтті. 1940 жылы 16 мамырда Ақтөбе облысының Байғанин ауданы, Қалдайбек ауылында туған ол Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген. Еңбек жолын Жарқамыс орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімдігінен бастаған. Темір және Байғанин аудандық, Ақтөбе облыстық газеттерінде әдеби қызметкер, редактордың орынбасары, бөлім меңгерушісі, аға тілші болды. Одан кейінгі жылдарда «Жазушы», «Жалын», «Ана тілі», «Өлке», «Раритет», «Білім» баспаларында аға редактор, Қазақстан Даму институтының «Саясат» журналында директор-редактор қызметтерін абыроймен атқарды. Өмірінің соңғы жылдарында «Жазушы» баспасында Бас редакторлық қызметте болды. Есенбай ақынның тұңғыш жыр жинағы 1971 жылы «Бозала таң, Бозторғай» деген атпен жарық көрген. Содан бері 10-нан астам жыр жинағы мен таңдамалы жырларының екі томдығы жарыққа шықты. Есенбай Дүйсенбайұлы аударма саласында да жемісті еңбек етті. Баспа саласының білгірі 100-ге жуық кітапты құрастырды. Оның ішінде, «Екі мың жылдық дала жыры», «Дала даналары», «Нар заман мен зар заман поэзиясы», «Жеті ғасыр жырлайды» жинақтары, қазақ ақын-жазушыларының ең таңдаулы жауһарлары сурьепталған жзу томдығы «Алтын қор» сериясының елу томы бар. Ұлы Абайдың 150 жылдығына

Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы

ТАНЫС ТА БЕЙТАНЫС



«Жас қалам» әнімен жұлдызы жанған Қорабай Есеновтің құлаққа жағымды қоңыр үні тыңдарман қауымды ә дегеннен-ақ баурап алғаны анық. Мұның бір сыры Қорабайдың қазақ музыкасына жаңа леп, жаңаша сарын әкелгендігінде болатын. Талапты жастың өнерден сырт салада, яғни Ауылшаруашылық институтының агрономия факультетінде оқитындығы сол уақыттарда ел-жұртты екі есе қайран қалдырған. Қалай болғанда да, Қорабай мамандығынан қол үзген жоқ. Сонымен бірге өнер саласында да өзіндік із бен өзгеше мәнер қалдыра білді. Әншінің осы орайдағы жан сырына үңілгенімізде әңгіме былайша өрілді...

ӘКЕМНІҢ СӨЗІН СЫЙЛАП ЕЛГЕ ҚАЙТТЫМ

...Әкемнің тағылымы мен үшін ең үлкен тәрбие мектебі болды. 30 жылдан астам уақыт бойы теміржолда паровоздың машинисі болған ол өлеңін өміріне серік еткен жан еді. Жаңарқа жұртшылығына аты мәлім ақын, күйші болатын. Сөйте тұра, «мен сондаймын» деп кеудесін қағып көрген емес. Күйді күмбірлетіп, шабыттанып тартатын. Көпшіліктен қошемет, сый күтпейтін. Күй тартып, өлең шығарса да, «әу» деп ән айтаған. Әкемнің бірбеткей мінезінен тайсақтайтын көпшіліктің «неге ән айтпайсыз?» деп сұрауға батылы бармайтын. Өзі: «Айтқан әнім елдің жүрегіне жетпесе, өнерге қиянат жасағым келмейді. Әннің киесі бар, айттың ба, тыңдаушының қалауын тамыршыдай тап басып айт. Сонда нағыз әнші боласың.

Махаббат, адамгершілік, достықтың қадірін жеткізген әншіні ғана елі ұмытпайды», — деп отырушы еді. Өз басым тиісті мекемелер тарапынан өнер сахнасына талай мәрте шақырту алғаным қарамастан, әкемнің «әу» демеітін қазақ жоқ, ел іші мен дастарқан басында да әдемі ән айта алатын адам керек» деген бір ауыз сөзін сыйлап, ауылға қайттым. Әрі қара шаңырақтың отын сөндіргім де келмеді. Ел қатарлы тіршілік еттім. 3-4 мекемеде директор болдым. Танағұл, Ержан, Сәкен, Бану есімді ұл-қыздарым, жеті-сегіз немерем бар. Ағайын-туыс ортасындамын. Күн-түн демеі, егістікте жүргеннен кейін, ел маған әнші деп емес, агроном деп қарайды. Амандасқанда шығармашылығымдағы жаңалықтан бұрын: «Жылына қанша өнім аласың?», «Топырақты қалай тыңайтасың?» — деп сұрайды. Жер жыртқып, егіс егіп, тапқан-таянғанымыз бала-шағаға жұмсаймын. Қолымнан келгенше адамдарға көмектессем деймін. Қара бастың қамымен «әнші» болып, той қуып жүргім келмейді. Жалпы, өнер айдыны үлкен зет дейтін болсақ, мен соның бір бұлағы ғанамын. Өнеріме төреші болатын да — халық.

КҮЙСАНДЫҒЫМ – ГИТАРА

Әкеме ұқсап әуелде мен де күй тартқанмын. Гитараны студент теміржолда паровоздың машинисі болған ол өлеңін өміріне серік еткен жан еді. Жаңарқа жұртшылығына аты мәлім ақын, күйші болатын. Сөйте тұра, «мен сондаймын» деп кеудесін қағып көрген емес. Күйді күмбірлетіп, шабыттанып тартатын. Көпшіліктен қошемет, сый күтпейтін. Күй тартып, өлең шығарса да, «әу» деп ән айтаған. Әкемнің бірбеткей мінезінен тайсақтайтын көпшіліктің «неге ән айтпайсыз?» деп сұрауға батылы бармайтын. Өзі: «Айтқан әнім елдің жүрегіне жетпесе, өнерге қиянат жасағым келмейді. Әннің киесі бар, айттың ба, тыңдаушының қалауын тамыршыдай тап басып айт. Сонда нағыз әнші боласың.



сезімді, сазды иірімдерді тербеп, толғап, әуенге айналдырады. Сондықтан гитараны «қазақтың төл аспабы» деп бағалаймын. Шындығында, гитараның түп негізі қазақтың ұлттық аспабы — жетігеннен шыққан. Екеуінде де — жеті шек. Жетеуі қосылып, жүрек қылын нәзік шертетін саз тудырады. Өткен ғасырдың 60-жылдарында қазақтың қара баласы гитарамен ел алдына шыққанда өз көзіне өзі сенбегендер көп болды. Тосырқай қарады. «Жас қалам», «Қоштасу», «Әке туралы жыр», «Досыңның

көзін ұғарсың», «Аққу әні» секілді сол заманның хит әндері бірінен-бірі асып түсетін. Кейіннен гитараны серік еткен жастар көбейді. Танитыны да, танымайтыны да іздеп тауып, хабарласып: «Сіздің бағыт сілтеуіңіз, үйретуіңіз кем болып жатыр...» — деп назын айтып жатады. Олардың: «Гитараны 40 жыл бұрын қазақтың қоңыр әуенге салып берген — Қорабай», — деген ықыласына бөленгенім үшін де бақыттымын.

Сәуір САҒЫМ

БІЛГІМ КЕЛГЕН БІР СҰРАҚ

Алғашқы глобуста Америка жоғы рас па?

«Көшпенділер» фильмінде «мынау — ғлабас, мұны сізге қазақ ханы Абылай жіберді» дейді. Жалпы, глобусты біздің көшпелі түркілер ойлап тапқан деген рас па?

Төлеген БЕКТЕМІРОВ, Алматы

Глобус жайлы алғашқы дерек ежелгі грек жазбаларында ұшырасады. Жазба деректерге сүйенсек, глобус гректерге алғаш Кратес есімді азамат арқылы тап болғанға ұқсайды. Ал ол біздің заманымыздан 2000 жыл бұрын болған оқиға болса керек. Ал нақты дерегі бар глобусты 1492 жылы географ Мартин Бехайм атты немістің

географ ғалымы әзірлеген. Ал онда Америка жоқ, себебі Американы Христофор Колумб глобус пайда болғаннан көп жылдардан кейін барып ашқан. Ал Ресейде осы бір «алманш» алғаш XVIII ғасырда шіркеу діндары Карп Максимович жасаса, оның дамуына зор үлес қосқан ірі оқымысты, ғалым Михаил Ломоносов.



Неке жүзігін неге тек сол қолдың «шылдыр шүмегіне» тағады?

Неке жүзігінің нақты орны аты жоқ саусақ? Оң қолдағы неке жүзігі нені білдіреді? Жалпы, жүзік алмаса қашаннан басталады?

Маржан, Тараз қаласы

Мұның шығу себебін зерттей келе, ғалымдар түбірін ежелгі Қытай философиясынан тапса керек. Ол бойынша: Бас бармақ — ата-ананы; Сұқ саусақ — бауырларды; Ортаңғы — өзіңді; Ал «шылдыр шүмеке» немесе аты жоқ саусақ — өмірлік жарыңды; Ал «кішкентай бөбек» немесе соңғы саусақ — ұрпағыңды білдіретін символ болса керек.

Ал оң қолдағы неке жүзігі иесінің ажырасқан немесе жесір екендігінен, сондай-ақ католик діндегі адам екендігін білдіреді. Жалпы, неке жүзігімен алмаса — христиандің дініне тән рәсім. Ең алғаш XVI ғасырда Еуропада Тридент шіркеуі некелесудің басты шарты жүзік алмаса болуы туралы заң қабылдаған еді. Онда қалыңдыққа — алтын, күйеу жігітке күміс жүзік тағу рұқсат етілген еді.





АЛАШ-АҚПАРАТ

Жазасын өтеушілер қарақшылықпен айналысып келген

Оңтүстік Қазақстан облысының қоныс колониясында жазасын өтеп жатқандар бостандықта қарақшылықпен айналысып, халықты біраз дүрбелеңге салды. Сотты болған екі азамат сыйбайластарымен бірге жұрттың қорасындағы малын ашық түрде тартып алып отырған. Ең алдымен қылмыскерлердің құрығына Сайрам ауданының шопаны ілігітті. Бес күдікті мал бағып жүрген азаматты қарумен қорқытып, оның 50 қойы мен екі өгізін айдап әкеткен. Қарақшылар мұнымен тоқтамай, тағы осындай үш қылмысқа барған көрінеді.

Жәбірленген азаматтар құқық қорғаушыларға дер кезінде шағымданғанымен, күдіктілерді қолға түсіру оңайға соққан жоқ. Бір айға созылған іздестіру шаралары осы жұрыда ғана өз жемісін берді. Малшыларды қорқытып, қорадағы жануарларын тартып әкеткен алты азаматтың барлығы да арнайы құрықта шарасынан кейін қолға түсті.

Қарақшылар барымтадан түскен малдарын базарға апарып, сатып келе жатқан жерінен ұсталған. Оларды қолға түсіру үшін «Арлан» арнайы жасағының қызметкерлері де жұмылдырылыпты. Кейінірек анықталғандай, күдіктілердің екеуі түрмеде жазасын өтеп жатқандар болып шықты. Олардың бірі бұған дейін қарақшылықпен айналысып, істі болса, екіншісі кісі өлтіргені үшін сотталған екен.

Осынау қылмыстық топтың екі мүшесі – 20-дан енді ғана асқан бозбалалар. Полицейлер олардың бұрын-соңды сотталмағандықтарын және еш жерде жұмыс істемейтіндіктерін мәлімдеді. Жалпы, күдіктілерді құрықтау кезінде бірнеше айғақты зат та тәркіленді. Атап айтқанда, екі автокөлік, «ТОКС» маркалы суық қару, бейсбол таяғы, екі асхана пышағы және үш арқан.

Тәртіп сақшылары осынау қарақшы топтың әзірге төрт қылмыс жасағанын анықтап отыр. Тергеу барысында күдіктілердің тағы бірнеше қылмысы ашылуы мүмкін дейді құқық қорғаушылар. Ал жәбірленушілерге келтірілген шығынның көлемі қазіргі күнінде өзінде 3,5 млн теңгеге жетіп жығылған.

Қазіргі таңда осы жайт бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 179-бабы – «Қарақшылық» және 178-бабы – «Тонау» бойынша қылмыстық істер қозғалды. Тергеу амалдары жүргізілуде.

Серғали БАЛАЖАН,
Оңтүстік Қазақстан облысы

ДАТ!

Кенжеғали САҒАДИЕВ, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, экономика ғылымының докторы, профессор, академик:

Қоғамның рухани негізі мықты болмаса, экономика осалдық таныта береді

– Кенжеғали Әбенұлы, кеше ғана елімізде Еуразия құрлығын ең жайлаған алты мемлекеттің басын біріктіретін Шанхай ынтымақтастық ұйымының 10 жылдық мерейтойлық саммиті өтті. Өзіңіз бір мақалаңызда француз ойшылы Жан Моне-нің «тығыз одақтасудың тетіктерін жасау жолында мүмкіндігінше алысқа барындар, бірақ тәуелсіздікке қол сұқпаңдар» деген қанатты қағидасын мысалға алыпсыз. Сіздіңше, тәуелсіздігіне небәрі 20 жыл толған Қазақстанның империялық амбициясы басым Қытай мен Ресей секілді елдермен одақтасуының пайдасы зор ма әлде мұның да қауіпі бар ма?

– Әрине, пайдасы зор. Дей тұрғанымен, француз ойшылының айтқан сөзін жадымыздан еш шығармағанымыз жөн. Құдайға шүкір, Қазақстан – Тәуелсіз мемлекет. Бірақ Тәуелсіздігімізді баянды етуге еліміздің ішкі тұрақтылығымен ғана қол жеткізе алмаймыз. Өйткені біз мың құбылып жатқан әлемнің бір бөлшегіміз. Оның үстіне үшінші мыңжылдықтың басталуымен дүниежүзінде ұлтаралық және дінаралық қақтығыстар, саяси-әлеуметтік шиеленістер қарқын алып кетті. Экстремизм, терроризм, сепаратизм, есірткі және қару-жарақ тасымалы секілді бір ел түгіл, бүтін бір құрлықтың мазасын қашыратын жағдайлар Еуразия құрлығындағы елдерге, оның ішінде Орталық Азияға да қауіп төндіруі мүмкін. Тамыры тереңде жатқан мұндай қауіп-қатерлермен күресуде бір ғана мемлекеттің саяси-әскери қушақтығын дәрменсіздік танытатыны сөзсіз. Осыған байланысты Қазақстанның 2001 жылдың 15 маусымында Қытайдың Шанхай қаласында құрылған ұйымға мүше болуы мемлекетіміздің ұлттық тәуелсіздігін және аймақтағы бейбітшілікті сақтауға жасаған қадамы деп түсінуіміз керек. Бұған қоса Еуразия құрлығының 60 пайызын, әлем халқының төрттен бірі құрайтын іргелі ұйым аясында интеграциялық байланыстар орнатудың экономикалық пайдасы зор. Осындай байланыстың арқасында болар, біз аталған елдермен тату көршіміз. Сондықтан да бұл ұйым еліміздің саяси-экономикалық, әлеуметтік дамуына үлкен ықпалын тигізіп отыр деп айта аламын.

– Қазақстан – былтырдан бері Кеден одағына да мүше. 2011 жылғы 1 шілдеден бастап Кеден одағы шеңберінде жеке азаматтардың шетелден әкелетін автокөліктері үшін төлейтін баж салығы артты. Дағдарыстан енді ес жия бастаған еліміз үшін Кеден одағына кіріп, осындай қатқыл шараларға бару қаншалықты тиімді деп ойлайсыз? Кеден Одағы шеңберінде Қазақстан үшін шешім таппаған мәселелер бар ма?

– Өткен жылдың ортасынан бастап Қазақстан Ресеймен, Беларусьпен Кеден одағына кірді. Кеден одағы құрылғалы бері ел арасында әр түрлі пікірлер айтылып жүр. Кейбірі негізсіз де емес. Мәселен, баж салығы көтеріліп кетті. Осы елдерден келетін көптеген тауар түрі бойынша біз Ресейдің баж салығының деңгейіне жете қойған жоқпыз. Мұның қымбатшылыққа, инфляцияға әкеліп отырған жағдайы бар. Мұны жасыра алмаймыз. Шетелден келік сатып алып, шекарадан өте алмай қиналған 3 мыңдай Қазақстан азаматының жағдайында түсінуге болады. Өйткені 1 шілдеден бастап кедендік баж салығы бес есеге қымбаттады. Жалпы, Кеден одағы төңірегінде шешімін таппаған бірқатар мәселе бар. Жақында ғана біз Мәжілісте экономикалық интеграция істері жөніндегі министр Жанар Сейдахметқызын шақырып, осы мәселелерді бір үстел басында отырып талқыладық. Біз осы мәселеге қатысты ұсыныстарымызды министрге айттық. Ал «Кеден одағы тиімді ме» деген сұраққа келер болсам, нарық заманының тауар айналымының артып жатқан жағдайы бар. Мысалы, тамақ өнеркәсібінің өнімдері осы елдерге сатылуда. Тағы бір жақсы жаңалық, көптеген ресейлік

кәсіпкер өз кәсіпорындарын Қазақстанда ашып жатыр. Менің білуімше, қазірдің өзінде олардың саны – 30 шақты. Мұның себебі неде? Бұған біздің инвестициялық климатымыздың қолайлылығы өз әсерін тигізіп отыр. Ресейліктерге біздің салық жүйеміз жеңілдеу сияқты. Сондықтан да алдағы уақытта осы үш ел бірімен-бірі бәсекеге түседі. Қайсысының бизнес ортасы қолайлы, инвестициялық климаты тиімді, салық жүйесі жеңіл, соты әділ, қай жерде бюрократия аз – соған сәйкес бәсекеңің көрігі қызбақ. 2012 жылдан бастап осы елдермен Біртұтас экономикалық кеңістік құрғалы жатырмыз. Бұл дегеніңіз: осы кеңістік шеңберінде қай елге барып, бизнесімді дөңгелетем десеңіз, оған да есік ашық. Тек қолыңнан іс келсе, болғаны. Неге десеңіз, біздің еліміздегі заңнамалық, инвестициялық, салық жүйесіндегі ахуал тиімді болған да ғана сол елдің кәсіпкерлері бізге келеді, ал олай болмаса, олар басқа жерге барады.

– Сарапшылардың айтуынша, Қазақстанға тартылған инвестиция көлемі 2010 жылы 2009 жылға қарағанда 20-25 пайызға азайған. Сіздің ойыңызша, Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін қандай шараларды қолға алу керек?

– Рас, елімізде инвестицияға деген тапшылық бар. Өзіңіз білесіз, заман бұрынғы әлі емес. Әлемдік қаржы дағдарысынан шығу үшін әрбір мемлекет қаржы саласына қаншама қаржы құйды. Содан болар, қазір әлемде бұрынғыдай ағыл-тегіл, басы артық қаражат жоқ. Біздің елімізде инвестицияның келмей жатуының бір себебі осында болса

бір себебі, қазір еліміздегі зейнетақы қорларының өзінде біршама қаражат жиналып қалды. Инфляция көрсеткіші жылына 7-8 пайызды құраса, зейнетақы қорларының табыстары жыл өткен сайын одан да құлдырап барады. Осы қаржыны инвестиция ретінде жұмсауға болады ғой деп ойлаймын. Қазір біздің Ұлттық қор мен Ұлттық банктегі резервіміз 80 млрд АҚШ доллары көлемінде қаржымыз бар. Біз соны қайда ұстап отырмыз? Біз ол қаржыны шетелдік банктерге 3-5 пайыздық мөлшерлемен салып қойдық. Менің ойымша, осы қаржының дағдарысқа қажетті мөлшерін ғана банктерде қалдырып, қалғанын үдемелі индустриялық-инновациялық даму шеңберіндегі жобаларға жұмсаған жөн. Президент те бір кездері осыны айтты. Мен ол кісінің ойымен толық келісемін. Өз қаржымызды, ақшамызды шетелдерде қаттап қаттап жинай бергенше, соны өз қарғемізге, әсіресе өңдеуші өндіріс саласын қайта құруға жұмсау керек.

– Өзіңіз білесіз, еліміздің экономикасын әртарапандыру мақсатында кәсіпкерлердің өңделген тауарларды сыртқы нарықтарға экспорттауға байланысты кеткен шығындарының 50 пайызын өтейді. Алайда, бір өтпеген-айы, осы мүмкіндікті пайдаланушылар өте аз болып отыр. Мұның сыры неде деп ойлайсыз?

– Мұның ең басты себебі – экспортқа шығаратын тауар түрлері мен көлемінің аздығында. Елімізде экспортқа шығатын тауарлар мүлдем жоқ деп айта алмаймын. Жақында ғана біз бір топ депутат болып, Премьер-министрдің орынбасары Әсет

АЛАШҚА АЙТАР ДАТЫМ...

Ұлттық байлықтың жан басына шаққандағы көлемі жөнінен біз көптеген елден әлі тың артта келеміз. Мысалы, осы көрсеткіш дамыған ел – Сингапурда 30 мың доллар шамасында болса, алдыңғы қатарлы елдерге жақын Венгрияда 14 мың доллардан асады. Яғни біздің адам басына шаққандағы табысымыз осы елдерден бес-он есе төмен. Батыс елдерінің ауылында бір жұмыскердің істейтін жұмысын біздің бес адамымыз істейді, олардың бір сырыдан сауатын сүтін біздің үш сиырымыз әрең береді. Израильдің сиырлары жылына орташа есеппен 7 мың литр сүт береді. Ал біздің сиырларымыз жылына 2,5-3 мың литр сүт берсе, соған шүкіршілік етеміз. Дамыған елдерде бір гектардан алынатын астық бізден үш-бес есе артық. Міне, осы ретте Қазақстан жаңа технология мен инновацияға негізделген өндірісті дамытып, бәсекеге қабілетті мамандар даярлауды мықтап қолға алуы керек.

керек. Екіншіден, атам қазақ «ауыз күйген үрлеп ішеді» демекші, біздің банктер шетелден қарызды жаппай алды да, енді дағдарыстан әлі күнге дейін толықтай шыға алмай отыр. Отандық банктердің ірі-ірі активтері әлі күнге жұмсалмай отыр. Зерттеулерге сүйенсек, қаржы дағдарысының біздің банктерге теріс салдары екі жылдан бес жылға дейін созылуы мүмкін. Оған қоса шетелдік инвестициялық қорлар мен банктер біздің банктерге қарызды көп бермейтін де болды. Өйткені біздің банктер олардың алдындағы өз беделінен айырылып қалды. Өзіңіз білетіндей, Үкімет «БТА», «Альянс» және «Темірбанктердің» қаржы құрысқан қайта құрылымдауға біршама жәрші жұмсады. Соның нәтижесінде қазақстандық банктердің шетелдік ұйымдарға бәрешегі біршама азайды. Бұл үдеріс ел экономикасына өз көлеңкесін тигізбей қойған жоқ. Бұл – бір. Екіншіден, мемлекеттік шетелден инвестицияны көп тартуға соншалықты мүдделі де емес. Өйткені өзіміздің банк жүйемізді реттемей, тәуекелділік менеджментін қалыптастырмайынша, шетелден қаржы тарта берген дұрыс емес. Үшіншіден, өз басым шетелден инвестиция неге келмей жатыр деп қатты қайғыратын адам емеспін. Олай ойлауымның бір емес, екі себебі бар. Біріншіден, біздің еліміздегі банктерде жұмсалмай тұрған 12-13 млрд АҚШ долларындай қаражат бар. Бұл аз ақша емес. Бұл қаражат өзінің жұмсалатын орнын таба алмай тұр. Біз банктерден неге осы қаражатты жұмсмайсындар, неге халыққа несие бермейсіңдер деп сұраймын. Сонда олар «біздің елімізде несиеге сәйкес келетін жоба жоқ» деп жауап береді. Көріңіз бе, біз несиеңің кезінде беріп-беріп, енді қайтара алмай отырмыз. Соның салдарынан қазір біз үлкен күйзеліс үстіндеміз. Енді біз несиеден пайда түсіретін жоба болғанда ғана оны терең сараптаудан өткізіп барып беруге шешім қабылдап отырмыз. Инвестицияға зәрулікті көрмеуімің екінші

Исекешев бастаған жұмыс тобының құрамында Семей мен Өскемен қалаларына барып қайтыпты. Бұл қалаларда жаңа технология негізінде жұмыс істейтін өңдеуші өндіріс орындары ашылыпты. Бұлардың кейбірі өз тауарларын шетелдерге экспорттай алады екен.

Ал неге экспорттық әлеуетіміз әлсіз дегенге келер болсам, экспорттымыз арту үшін бізде сапасы жағынан бәсекеге қабілетті тауарлар көп болуы керек, сонда ғана шетел нарығына шыға аламыз. Бұл тұрғыда мемлекетіміздің экспорттаушылардың 50 пайыз басынмен өтеуін жақсы ойластырылған бағамна деп есептеймін. Мемлекеттік Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы шеңберінде былтыр – 152, биыл соған шамалас кәсіпорындарды іске қосамыз деп отырмыз. Алайда бұлардың технологиялық деңгейі, экспорттық әлеуеті әзірше мез емес. Келесі жылдары елімізде технологиялық негізі, инновациялық мүмкіндігі зор кәсіпорындар салына бастайды. Әрине, осы кәсіпорындар іске қосылғанда барып біздің экспорттық әлеуетіміз артамын болады.

– Елімізде дамуын еселейтін экономикалық көрсеткіштердің бірі – еңбек өнімділігі. Еңбек өнімділігі жоғары болуы үшін елімізде адами капиталды дамыту керек. Ал адам капиталы адамдардың өндіріс процесіне қатысу кезіндегі қабілеті мен біліміне, еңбек өтеу дәрежесіне негізделеді екен. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстандағы еңбек өнімділігінің деңгейі төмен болып отыр. Мұның себебі неде деп ойлайсыз?

– Мұның негізгі себебі адами факторда деп ойлаймын. Дамыған Америка Құрама Штаттарында адами фактордың тиімділігі 1,45 % болса, бізде оның көрсеткіші – 0,29 %. Бұл дегеніңіз біздің адами фактордағы тиімділігіміз америкалықтардан бес есе



төмен дегенді білдіреді. Басқаша айтсақ, жан басына шаққанда, Қазақстанда жылдық еңбек өнімділігі 17 мың долларды құрайды, ал дамыған елдерде ол – 90 мың доллар, яғни бес есе көп. Ауыл экономикасына келсек, онда қызмет істеген 20 адамның жылдық табысын озық мемлекеттерде бір ғана жұмыскер бере алады екен. Мұның барлығы, түптеп келгенде, еңбек өнімділігі мен тікелей байланысты. Біздің арта қалуымыздың көптеген себебі бар. Мұндағы ең басты себеп біздің технологиялық көшеуілдеуімізде жатыр. Еңбек өнімділігін арттыратын жаңа технологиялар бізде өте аз, тіпті кейбір салаларда жоқтың қасы. Жаңа технологиялық жаңғыртуда неге біз өзіміздің ұранымыз деп отырмыз? Себебі еңбек өнімділігін арттыру үшін. Екінші бір мәселе – адами факторда. Адамның өзін дайындауымыз керек. Мысалы, бізде бір кездері орта буын мамандар даярлайтын кәсіптік-техникалық училищелер болды. Олар электрлік, дәнекерлеуші, тігінші, аспазшы, сантехник секілді кәсіби мамандарды даярлап шығаратын. Оларды біз әлгі училищеден, кейіннен өндіріске барғанда қайта даярлайтынбыз. Ал енді қазір шетелде мұндай мамандарды жаңадан жарақтандырылған оқу орындарында даярлайды. Біз бұған енді-енді ғана бет бұрып жатырмыз. Яғни дамыған елдерде еңбек өнімділігін арттырудағы мамандардың кәсіби дайындығы зор. Сондықтан біз маман даярлау саласына инвестиция құйып, шетелдердегідей жаңа үлгідегі оқу орындарын құрып, білімді қарлар шығаруға қатты мән беруіміз керек. Сонда ғана еліміздің дамуы қарқын алады. Біздің елімізде Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы шеңберінде алдағы он жыл ішінде еңбек өнімділігін арттыру, яғни жалпы экономикада – екі есе, агроөнеркәсіптік кешенде төрт есе өсіру көзделуде. Аталмыш кешенде алғашқы бесжылдықтың өзінде еңбек өнімділігін екі есе арттырып, халықтың азық-түлікке деген сұранысының 80%-ына өз ауыл шаруашылығымызда өндірілген өнімдерді терең өңдеу арқылы қол жеткізіміз керек.

Біздің елімізде «Еңбек өнімділігі – 2020» атты мемлекеттік бағдарлама бар. Осы бағытта да Үкімет бірқатар жұмысты қолға алып жатыр. Егер еңбек өнімділігін арттыру үшін жоба жасап, оны іске асырсаң, мемлекет саған мынадай-мынадай демеу береді деген секілді жоспарлар қамтылған. Біздің елімізде алдағы он жыл ішінде дамыған елдердегі еңбек өнімділігінің ең кем дегенде 60-70 пайыз деңгейіне жетуді көздеп отыр. Бұл бағытта Президентіміз биылғы Жолдауында 2010-2020 жылдардағы стратегиялық жоспардың мақсаттарын былайша санамалап берді: Бұл дегеніміз, алдағы 10 жылда жалпы ішкі өнім көлемі кемінде 30 пайызға артып, өңдеуші салалардағы өсім игеруші салалар деңгейінен асып түседі, ал экономиканың шикізаттық емес секторына салынатын отандық және шетелдік инвестиция кемінде 30 пайызға артады деп күтілуде. Осы нәтижелерге қол жеткізу үшін 2014 жылға дейін елімізде жалпы құны 8,1 трлн теңгеге құрайтын 294 инвестициялық жоба жүзеге асырылатын болады.

– Жақында елімізде өткен Ислам экономикалық форумында Елбасы Н.Назарбаев Ислам конференциясы ұйымы аясында азық-түлік көмегін көрсету жүйесін құруды және оның штаб-пәтерін Қазақстанда орналастыруды ұсынған еді... – Бұл – өте дұрыс бастама. Әлемде өте кедей тұратын 49 ел болса, соның 22-сі мұсылман елдері болып саналады. Бұл елдердің көбінің тұрмысы өте төмен, азық-түлігі тапшы болса, кейбірі тіпті ашаршылық жағдайында өмір сүреді. Бұл жайға әлемдік қауымдастық мән беріп жатыр, дегенмен бұл мәселеге мұсылман елдері бірігіп атсалысуы керек. Ал осы ретте қай елдің азық-түлікті көп өндіруге мүмкіндігі бар деген сұрақ туады. Әрине, басқаларға қарағанда Қазақстанның әлеуеті зор. Біздігі мынау сайын дала, кең егістік алқабы, мал өсіретін жайылымдар, дәл мұндай ұлан-байтақ жер

мұсылман елдерінің ешбірінде жоқ. Бір кездегі сарапшылардың «Қазақстанның жер байлығы мен ауылшаруашылық әлеуетін дұрыс пайдаланар болса, жер бетіндегі 1-2 млрд халықты асырауға болады» деген болжамы шындыққа айналуы мүмкін. Ал мұсылман елдеріндегі жалпы халық саны 1,5 млрд адамды құрайтынын ескерсек, онда Қазақстанның ауылшаруашылық әлеуетін дамыту арқылы көздеген межеге жетуге болады. Дегенмен Президенттің бұл айтқан бастамасын жүзеге асыру үшін көптеген мәселені шешу керек. Осы салаға көп көлемде қаржы салу, жаңа технологияларды игеру, тиімді әдістерді пайдалана отырып, ауыл шаруашылығын қайта жаңғырту керек.

– Елімізде орта тапты қалыптастыру мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі саналады. Еліміздегі байлар мен кедейлердің арасындағы айырмашылық азаймай отыр. Ауыл қазағы қалаға ағылады, өйткені ауылда жұмыс жоқ. Ал қалаға келсе, жұмыс бар, бірақ баспана жоқ. Осылайша, халықтың жағдайы болмай, дүрбелең күйі кешіп келе жатқанымызға 20 жыл болды. Қазақстанда орта тап қашан қалыптасады деп ойлайсыз?

– Біздің елде орта тап қалыптасып келе жатыр, бірақ әлі толық қалыптасып болған жоқ. Мысалы, менің пайымдауымша, біздің еліміздегі орта таптың үлесі 15-20 пайыздан асқан жоқ. Бұрын бұл мәселе жүйелі зерттелетін. Қазір мұны зерттеп жатқан ешкім жоқ. Соңғы ақпараттарды да көрген жоқпын. Өте байлар және өте кедейлер жігін ортасындағы осы тап дамыған елдерде халықтың 60 пайызын құрайды. Орта тап деп өзінің табысымен отбасының күнкөрісін қамтамасыз етуге, баласын оқытуға, оның болашағын қамтамасыз етуге мүмкіндігі бар адамдарды айтамыз. Бұлар – өзінің кәсіби табысымен немесе еңбекақысымен заман талабына сай өмір сапасын өзіне, отбасына қамтамасыз ете алатын адамдар. Сонымен қатар бұлар – заман талабына сай мінез-құлқы қалыптасқан, әлеуметтік және инновациялық белсенділігін ерекшеленген тап. Азаматтық қоғамның негізін де солар құрайды. Орта тап қоғамның тұрақты дамуына мүдделі. Ол айқай-шуға мүдделі емес. Ол ынтымақтастық пен қоғамның дамуына мүдделі. Елімізде орта тап 60 пайыз болған кезде қоғамдағы тұрақтылық өздігінен орнайды. Халықтың 60 пайызы тұрақтылық үшін күрессе, қалғаны ешқайда да кетпейді.

– Қазіргі кезде сарапшылар әлемде орын алған соңғы қаржы дағдарысының себеп-салдарын да адамзат санасының рухани дағдарысымен түсіндіреді. Сіз осыған қосыласыз ба?

– Сонау ықылым заманда Аристотель «өркеніет дамыған сайын руханият құлдырайды» деген екен. Мұны Платон да қолдаған көрінеді. Бұған менде толық қосыламын. Экономикадағы дағдарысты болдырмау үшін әлем болып оны қайта қарап, оны жаңаша пайымдайтын кез келді. Дәл осылай болса, тағы да тығырыққа тірелуіміз мүмкін. Мұны Елбасы да айтып жүр. Дүниежүзіндегі валюта саясаты, жалпы экономика мен дипломатиялық саясат – осының бәрі адамның рухани құндылықтарды түйсінуден басталады. Жақында газеттен бір мақала оқыдым. Онда «кеңестік кезеңдегі ой сарқынаштарының әлі де жүруін ішкі отаршылық деп айтуға болады» деп жазылыпты. Біздің ой-санамыз бен келешекке деген бейімделуіміз 20 жыл бұрын басқаша еді. Қоғамның рухани негізі мықты болмаса, экономика осалдық таныта береді. Осы тұрғыдан алғанда, сауалыңыз дұрыс. Біздің шығатын асуымыз әлі алда. Осы жолда біз білек сыбана еңбек етуіміз керек. Барлығымыздың ой-арманымыз да, ортақ мүддеміз де осыған жұмсалы керек.

– Өңгіменізге рақмет!

Сұхбаттасқан Айдос СӘДУАҚАСОВ


БІЛГІМ КЕЛГЕН БІР СҰРАҚ

Зілзаланың гипоцентрі деген не?

Жер сілкінісі туралы ақпараттар хабарланғанда, «эпицентр» деген сөзбен бірге, «гипоцентр» деген термин де қолданылады. Бұл нені білдіреді?

Кәмшат ҚУАНЫШЕВА, Алматы қаласы

Қазақстанның сейсмологтар гипоцентр дегенді жер сілкінісі кезінде сейсмикалық қуат бөлінетін шартты нүкте немесе тау жыныстарының бүлінуі басталатын нүкте деп түсіндіреді. Гипоцентр – зілзаланың орталық нүктесі. Ал эпицентр – соның жер бетіндегі проекциясы. Жер қыртысының жарылу нүктесін де гипоцентр дейді. Гипоцентрдің тереңдігі 700 шақырымға дейін жетуі мүмкін.



Иттің етін жеу заңға да, шариғатқа да жат

Қазақстанда иттің етін жеуге тыйым салатын заң бар ма? Жалпы, жеуге болатын нәрселерді анықтайтын заң қарастырылған ба?

А.КИМ, Алматы қаласы

Бұл сұраққа жауап беру үшін біз стандарттау саласының маманы Бекжан Махметтегіне хабарласқан едік. Оның айтуынша, Қазақстанда әрбір жануарды жеуге рұқсат беретін нақты заң болмағанымен, арнайы санитарлық норма бар. Бірақ оның ішінде сіз айттып отырған үй жануары кірмейді. Демек, елімізде иттің етін жеуге рұқсат беретін заң жоқ деген сөз. Жалпы, иттің етін жеу шариғатқа да

қайшы келеді. Бұрынғы кезде қазақтар иттің етін жегендерді кәпір деп атаған. Қазақтардың ұғымында ит дегеніміз – қасиетті жануар, ол – жеті қазынаның бірі. Б.Махметтегінің сөзіне қарағанда, қазіргі күні елімізде «Қазақстан-Ислам стандарты халал» деген бірлестік құрылғалы отыр. Егер ол ашылатын болса, мамандар жеуге болатын халал жануарлардың тізімін жасап, заң жүзінде бекітуді көздеп отыр.





ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Сағындырған сара Sport

Сүйінші! Қасиетті Рамазан айында жартығасырлық тарихы бар, оқырманды спорт әлеміндегі жаңалықтармен сусындатқан «Спорт» газеті қайта жарық көрмек. Сүйікті газеттерінен тағы көз жазып қалған оқырмандар арадағы үзілістен кейін басылымның кезекті нөмірімен 2 тамыз күні қауышты.

Астанадан жеткен ақжолтай жаңалықты ести салысымен, басылым редакторы, спорт жанаушы Нәсіп Жүнісбайұлымен тілдесуге асықтық.

Нәсіп ЖҮНІСБАЙҰЛЫ, «Спорт» газетінің бас редакторы:

– Ең алғаш республикалық спорт газетіне Тәуелсіздік алған 1991 жылы қаңтар айында редактор болып бекітілдім. Газет әр кезеңде түрлі аттарға ие болып, форматы өзгеріске ұшырады. Егемендіктің алғашқы жылдары көп қиындық болды ғой. Сол жылдары мерзімді басылымның шықпай, тоқтап қалған кездері де болды. Мысалы, 1993 жылдан 1996 жылға дейін үш жылдың ішінде 18 ай бойы газет жарық көрмеді. Сонда да газетті жаппай, редакцияның табалдырығында отырдық. Журналистерді мерзімсіз демалысқа жіберсек те, сонында газетімізді сақтап қалдық. Жұмысқа алғаш келгенімде басылым сегіз беттік болған, оны – 12, кейіннен 16 бетке жеткіздік... Қиыншылықтар одан кейін де болды. Бір газетке қазақша және орысша нұсқаларын бірге түптеген кездерді бастан өткердік. Кейінгі жылдары газет әртүрлі атпен «Спорт айдыны», орысша «Казакстан спортивный», кейіннен Sport&KZ деп аталды. Қаржы тапшылығына байланысты «Спорт айдыны» жауып қойып, орыс тілінде шығару – біздің елдігімізге үлкен сын, ұят нәрсе. Осы мәселелерді министрлік пен Спорт комитетінің алдына төсетінен қойғанмын. Осыны ескерген Туризм және спорт министрлігі газетті қамқорлығына алып, Спорт комитеті тікелей басқарып, қаржы бөлетін болып шешті. Осы жылдың 11 мамырында Үкімет және Спорт комитетінің бұйрығымен қайтадан бас редактор болып тағайындалдым. Сол кезде республикалық басылымның редакциясын Алматыдан Астанаға көшіру туралы ұсынысымды айтқан едім, басшылық оны қабылдады. Енді, Алла қаласа, жұмысымызға кіріспекпіз. Жыл соңына дейін басылым тегін таратылмақ. Ал жалпы басылым келесі жылдың жазылу каталогына кіргізілді.

Өткен ғасырда 1959 жылдың 1 қаңтарында жарық көрген басылым талай қазақ баласының спортқа деген қызығушылығын оятып, тәрбиелеп шыққаны белгілі. «Спорт» – қазақ баспасөзінің тарихында қазақ және орыс тілінде шыққан ең бірінші спорт баспасөзі. Алғашында А-3 форматында төрт беттік болып басылған. Кеңес заманында таралымы 300 мыңнан асып түскен газет 2008 жылы жекеменшік қолға өтіп, оқырманмен қауышуы сирей бастаған. Енді, міне, жаңадан шыққалы отырған басылым атауы мен безендірілуіне өзгеріс енгізілген. Басылым сегіз беттік болып, А-2 форматында жарық көреді. Алғашқы және соңғы беттері түрлі-түсті болып безендіріледі. Газет 1959 жылғы шыққан алғашқы атауымен аталмақ. Яғни екітілді газетте «Спорт» деген жазу жазылады. Айырмашылығы: қазақша басылымда «Спорт» сөзі латын қаріптерімен – Sport, ал орысшасында «Спорт» атауы кириллицамен жазылады.

Әсем ҚАБЫЛБЕКОВА

СҮЙІНШІ! Қазақстан жұбы бар алтынды жиып алды. Жақында Бранденбургте (Германия) ескек есу спортынан жасөспірімдер арасындағы Әлем чемпионаты аяқталып, онда қанозші жұбымыз бар алтынды жиып алды. Тимофей және Сергей Емеляновтар канозде жұптасып ескек есуден барлық қашықтықта алдарына жан салмай, бірінші орынға ие болды. Атап айтқанда, олар 200 метрлік, 500 метрлік және 1000 метрлік қашықтықтарда мәре сызығын бірінші болып қиып, әлемнің үш дүркін чемпионы атанды. Емеляновтардың үш алтынның арқасында Қазақстан ескекшілері жалпыкомандалық есепте төртінші орынға ие болды. Жалпы, бұл чемпионатта барлығы 23 медаль жиынтығы сарапқа салынған болатын.

Әлихан ЖАППАР

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ Александр ВИНОКУРОВ: Өз мүмкіндігімді толықтай жүзеге асырдым деп ойлаймын. «Тур де Франс» көпкүндігіне барғанымызда велоспорт әлеміне мейлінше танымал жерлесіміз Александр Винокуровпен тілдесудің амалдарын қарастыра бастадық. Ол Ниццадағы үйінде емделіп жатыр. Ал біз велоспортшылар қайда барса, солардың соңындамыз. Сәті түсер емес. Әйтсе де соңғы кезеңдік жарыс қарсаңында Қазақстаннан барған бір топ журналиске жолсерік болып, жөн сілтеп жүрген Сергей Яковлевтің арқасында Винокуровпен де тілдескен едік.

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Александр ВИНОКУРОВ:

Өз мүмкіндігімді толықтай жүзеге асырдым деп ойлаймын

«Тур де Франс» көпкүндігіне барғанымызда велоспорт әлеміне мейлінше танымал жерлесіміз Александр Винокуровпен тілдесудің амалдарын қарастыра бастадық. Ол Ниццадағы үйінде емделіп жатыр. Ал біз велоспортшылар қайда барса, солардың соңындамыз. Сәті түсер емес. Әйтсе де соңғы кезеңдік жарыс қарсаңында Қазақстаннан барған бір топ журналиске жолсерік болып, жөн сілтеп жүрген Сергей Яковлевтің арқасында Винокуровпен де тілдескен едік.

– Александр, «спортшы ретінде велосипед ершігіне енді отырмаймын» деп шешім қабылдадыңыз. Спорттық карьераны аламан бәйгеде мертігіп тамамдау оңай емес шығар?

– Әрине, оңай емес. Арманым Елисейде достарыммен үзеңгі қағыстыра қатар жүйткіп, спорттық карьерам көтеріңкі көңіл күймен нүкте қою еді. Әрі биылғы «Тур де Франста» жай ғана жүйткіп өтпей, жеңіс тұғырына көтеріліп, осындай ерен жетістік пен қуаныш құшағында тамамдау еді. Велосипед ершігінен осылай салтанатты түрде түссем бе деп едім... Бірақ оның реті келмеді. Тағдыр маған «болды енді, қой» деп сыбырлап тұрғандай болды. Отбасыммен кеңесіп, осындай шешімге тоқталдым. Қазір бәрі де ойдағыдай, жазылып келемін. Отбасым жанымда, достарым келіп тұрады. Бәрі де көңілімді көтеруге тырысуда. Күнде таңертең дәрігерлер келіп, ем-дом қолданып кетеді. Нәтиже жоқ емес. Аяғымның ісігі қайты.

– Боксшы Майк Тайсон қолғабын шегеі ілгенде, шетелдік журналистер «өкінішті-ақ, өтпейтін алтынды ақ еді, өз әлеуетін бар болғаны 50 пайызға ғана жүзеге асырды» деп аһ ұрды. Ал сіз өз әлеуетіңізді қанша пайызға жүзеге асыра алдыңыз?

– Мен өз қабілетімді жүзеге асыра алдым деп ойлаймын. Егер екі жылымды допинг дауына байланысты тектен-тек жоғалтып алмағаныма, бұдан жоғары жетістіктерге қол жеткізер ме едім, кім білсін. Сол екі жылымның бос кеткені болмаса, спорттық карьерама көңілім болмаса, спорттық карьерама көңілім болмасты.

толады. Тек әлем чемпионы бола алмай кеткенім болмаса... Ол да бір арманым еді. Содан соң мәртебесі бәрінен жоғары «Тур де Франс» бәйгесінің сары жейдесін кие алмадым. Енді спорт болған соң, өкініш деген болады ғой. Онсыз болмайды. Мысалы, 2006 жылы «Тур де Франсқа» қатыса алмадым. Әйтсе де мен өз әлеуетім мен қабілетімді толықтай жүзеге асыра алдым деп ойлаймын. Жүз пайыз болмаса да, соған жете алдым.

– Бәлкім, «Астана» клубын сәл ертерек ашу керек пе еді? Мен бұл жерде сіздің жалындаған жан шағыңыздың неміс клубы сапында өткеніңіз меншеп тұрмын. Нағыз кәсіпкер сілтер шағыңыз Ян Ульрихтің көлеңкесінде өткен жоқ па?

– Жоқ, мен «Астана» клубын кеш аштық деп ойламаймын. Ашқанымызға қуаныштымын. «Тәуба» деймін. Ал ашпасақ ше? Сондықтан дәл қазір «егер солай болғанда ғой, бұлай болғанда ғой» деп ойымды сан-саққа жүгірткім келмейді. Барына шүкір. Бұйырғанына қанағат. Ал неміс клубы сапында мен әбден пісіп-жетілдім, ысылдым. Тәжірибе жинадым. Яғни оның да пайдасы болды. Әрине, мен команда серкесі Ульрихке жұмыс істедім. Бес жыл өз міндетімді адал орындадым. Мүмкін, неміс командасы сапындағы (басында Telekom деп аталды, содан соң – T-Mobile) соңғы жылымда өзім де алтман бәйгелерде топ жара алар ма едім. Өкініштісі ол емес, өкініштісі – жоғарыда айтқанымадай, 2006 жылы «Тур де Франсқа» қатыса алмағанымыз. Сол кезде спорттық бабымда едім. Сол жылы



«Вуэльта» көпкүндігін жеңіп алдым. Әлем чемпионатында қола медаль еншіледім. Болары болды, өкінетін ештеңе жоқ. Енді тек осы жоба ұзағынан сүйіндіріп, «Астана» клубы еліміздің атын шығара берсе деймін. Қазақстан таланттарының өз мүмкіндіктерін паш ете алап сүйікті командасы болуына тілектеспін. «Астана-2» командасының құрылып жатқанына қуаныштымын. Осы командада еліміздің жас таланттары шыңдалып, «Астана» сапына өтіп жатса, нұр үстіне нұр. Бірінші кезекте өз спортшыларымыздың бағын ашуды ойлауымыз

керек. Сол үшін еңбек етіп, ұядағы таланттарды қияға ұшырып отырумен айналысу қажет.

– Қазіргі вело-спортшыларымыздың арасынан кімді бөле-жара атар едіңіз? Кімнің болашағы зор?

– Осы жолғы «Тур де Франс» көпкүндігінде Андрей Зейц ерекше көзге түсті. Жетіліп келеді. Енді тек оны жақсылап тәрбиелеп, одан әрі жетілдіре түсу керек. Александр Дьяченко деген жас велошабандозымыз бар. Биік тауға қарай жақсы жүреді. Бірақ оған да шүмектігіп тер төгу керек. Содан соң Тилеубаев, Непомнящий, Груздев сынды таланттарымыз бар. Бәріне де ерінбей еңбектену қажет. Тоқ-мейілісіп қалмаса, осыларға Винокуровтан да асып түсуге болады. Тек олар өз

болашақтары өздерінің қолдарында екенін жете түсінуі керек. Жағдай жасалып жатыр, соны пайдалану керек.

– Енді өзіңізді қандай қызметке лайықпын деп санайсыз? Қандай қызмет атқарғыңыз келеді?

– Оны басшылар шешеді. Қандай қызмет ұсынады, соған байланысты. Әзірше бұл жөнінде әңгіме қозғаудың өзі ертерек. Нақты ұсыныс түскенде, бәрі де белгілі болады.

Сұхбаттасқан Нұрғазы САСАЕВ

ВОЛЕЙБОЛ

Байтөреев сенім артқан 13 ару

Қытайдың Нанджинг провинциясында қысқа мерзімді оқу-жаттығу жиынын өткізген волейболдан Қазақстан әйелдер құрамасы Луохе қаласына ат басын тіреді. Естеріңізге сала кетейік, мұнда әлемдік Гран-при додасының бірінші кезеңі өтеді.

Оқу-жаттығу жиынын Алматыда бастаған Бақытжан Байтөреев шәкірттері мамыр айының соңында Қытайға кеткен болатын. Ол жақта жергілікті «Джангсу» клубымен үш жолдастық кездесу өткізіп, екеуінде жеңілісе, біреуін жеңіспен аяқтады. Нанджингке бара салып, матчқа кірісіп кеткен аруларымыз бірінші партияда жеңгенімен, қалған үш партияда шаршап қалып, 1:3 есебімен жол берді. Екінші кездесуінде жерлестеріміз кәсіле алған жоқ. Қателіктерге жиі бой алдырып, 0:3 есебімен жеңілді. Дегенмен соңғы екі партия тарысты өтіп, қыздарымыз тек екі ұпай айырмашылығымен ғана жол берді. Үшінші ойында қарсыластарының ойын ернегін әбден зерттеп алған Бақытжан Байтөреев командасы 3:1 есебімен жеңіске жетті. «Қанша жұмыс жасасақ та, допты ойынға қосуды әлі де дұрыс меңгере алмай жатырмыз», – деп бас бапкер үш ойыннан кейін команданың кемшіліктерін атап көрсетті.

Сөйтіп, үш жолдастық кездесуден кейін қыздарымыз Нанджингтен Луохеге аттанып кетті. Енді ертең қыздарымыз Гран-при додасының бірінші кезеңінің аясындағы «D» тобындағы кездесулерін өткізеді. Алғашқы қарсыласымыз – Қытай құрамасы. Одан кейін АҚШ қыздарымен кездессек, үшінші күні сербтермен шеберлік байқасамыз. Бұл сында Бақытжан Байтөреев 13 аруға сенім артпақ.

Гран-при додасының бірінші кезеңіндегі Қазақстан құрамасы:

Ольга Насекина, Кристина Трубина, Алена Омельченко, Коринна Ишимцева, Ирина Лукомская, Елена Эзау, Марина Стожожко, Антонина Пименова, Рамила Береснева, Зарина Сейітқазынова, Ирина Шенбергер, Ольга Дробышевская, Наталья Кулинич.

Арсен ЖАНАДІЛ

КҮРЕС

Жеткіншектер әлемнен бес жүлде алды

Румыния астанасы Бухаресте күрес түрлерінен жасөспірімдер арасындағы Әлем чемпионаты аяқталды.

Өткен аптада грек-рим күресінен Жансерік Сарсенбиевтің (50 келі) күміс медаль олжалағандығын жазғанбыз. Бұдан кейін бөксілемге еркін күрес шеберлері шыққан болатын. Мұнда бозбалалар арасындағы белдесулерден еншімізге бір күміс, екі қола бұйырды.

55 келі салмақ дәрежесіндегі Расул Қалиев финалда грузин В.Киншевашвилиден ұтылып, күміспен күптелді. Ал 50 келідегі Нұрсұлтан Ниязбеков пен 84 келідегі Ислам Азизов қола медаль иеленіп қайтты. Қалған бозбалаларымыздың көрсеткіштеріне тоқталар болсақ, Саятбек Оқасов (60 келі) – 10-орынды, Аслан Азизов (66 келі) – 10-орынды, Әубәкір Тұрғалиев (74 келі) – 13-орынды, Іңқар Ермұхамбетов (96 келі) – 13-орынды, Әліби Нұрмұхамбетов (ең ауыр салмақ) 10-орынды иеленісті.

Бойжеткендер арасында бір қоланы қанағат тұттық. Ең ауыр салмақтағы, яғни 72 келі салмақ дәрежесіндегі Әлимира Сыздықова үшінші орынға ие болып, ел қоржынына жалқы жүлде салды. Ал Айдаана Өтегенова (44 келі) – 12-орынға, Әйгерім Серікбаева (51 келі) – 16-орынға, Юлия Сәтімбекова (59 келі) – 10-орынға, Валентина Павлова (67 келі) 16-орынға табын тіреді.

Айқын ЖАППАР

БІЛГІМ КЕЛГЕН БІР СҰРАҚ

Каримов Қазақстан намысын қорғағысы келмей ме?

Тамыздың 11-і күні футболдан ұлттық құрамымыз елордада Сириямен жолдастық кездесу өткізеді екен. Бірақ байқағанымыз, шақыртылған футболшылар арасында төрт мықтымыз, Генрих Шмидтгаль, Сергей Каримов, Қазбек Гетериев және Нұрбол Жұмасқалиев жоқ. Мұны немен түсіндіруге болады?

Бауыржан ИСМАИЛОВ, Тараз қаласы

Бас бапкер немістің «Гройтер Фюрт» командасындағы Генрих Шмидтгаль мен немістің тағы бір ұжымы «Дюйсбург»-дағы Сергей Каримовті, сондай-ақ Сочидің «Жемчужинасында» өнер көрсететін Қазбек Гетериевті әдейі шақырмапты. Мирослав Беранек бұл ойыншыларымыздың өз клубтарында ойнап-ақ шеберліктерін шыңдауына қалап отыр. Бұлар күзде «Еуро-2012» іріктеу турнирін аясында өтетін Түркия мен Әзірбайжан құрамаларына қарсы міндетті түрде шақыртылмақ. Айта кетейік, Сергей Каримовтің неге ұлттық құрамаға шақыртылмай жүргені соңғы кезде

үлкен дау болып кетіп еді. Тіпті кейбірі «Каримов Қазақстан құрамасында ойнауға өзі қарсы» деп отқа май құя түскен. «Бірақ егер Қазақстан сапында өнер көрсеткісі келмесе, былтыр Оман құрамасына қарсы ойнап несі бар еді» деушілер де табылды. Дауға нүктені Беранектің өзі қойды. «Каримов те ауыр жарақатынан кейін өзінің жаңа клубында бедел жинап алсын. Келесі ойынға келеді ғой», – деді жай ғана чех маманы. Ал Нұрбол Жұмасқалиевтің жағдайы басқаша. Беранектің ойынша, «Локомотив» футболшысы ойнайтын шепте басқа да шебер ойыншылар бар.



Федор Емельяненко тағы да жеңілді

Ережесі төбелестің жарық жұлдызы, Ресей спортшысы Федор Емельяненко тағы да ұтылып қалыпты. Түнімен аңдысам да, оның қалай жеңілгендігін теледидардан көре алмадым. Кейбіреулер «төреші әділеттілік танытпады» дейді. Таза жеңілді ме, жоқ па?

Дидар НҰРЛАНҰЛЫ, Семей қаласы

Федор Емельяненко мен Дэн Хендерсон арасындағы жекпе-жек Чикагода өтті. Америкамен арадағы уақыт айырмасы солай, бұл айқас тікелей эфир арқылы жексенбі күні таңертең көрсетілді. Сондықтан түнімен аңдығаныңыз бос әурешілік болған. Ал жекпе-жекке келер болсақ, төреші сәл асығыстық жасады. Емельяненко Хендерсонды жығып, төпелей жөнелген. Бірақ Америка спортшысы сытылып кетіп, Федордың ту сыртына шығып алды да, еңкейіп құлап бара жатқанында қолтығының астынан бетінен ұрып құлатты. Федор басында есінен

танып қалғандай болды. Еденді сүзе құлады. Сол кезде Хендерсон бас-көз демей, төпелей бастады. Әйтсе де Емельяненко есін жинап алғандай болып еді. Бірақ төреші жекпе-жекті тоқтатты. Дэн Хендерсон оңай жеңіске қол жеткізгеніне қуанды. Ал ұстамды Федор: «Төреші сәл асығыс шешім қабылдады, бірақ ол мен ауыр жарақат алып қалмасын деп ойлаған болар, мен төрешінің шешіміне наразылық білдіре алмаймын», – депті.

Бұл – Емельяненконың осымен үшінші рет қатарынан жеңілуі.

ТӘУЕЛСІЗДІК ТУЫНДЫСЫ

АЛМАТЫ МЕТРОПОЛИТЕНІ
Ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығына тарту болатын Алматы метрополитені, шынымен де, егемендіктің жетістігі іспетті. 1988 жылы басталған құрылысты тоқырау жылдары тұралатқан еді. Соңғы 10 жылда құрылыс қайта жанданып, жобаның алғашқы кезегі биыл іске қосылғалы отыр. Жеті стансыдан тұратын 8,56 шақырымдық желінің рельстері төселіп болды, жылжымалы құрамдар жүргізіліп, жолға жаттықтырылып жатыр. Енді бірқатар стансыда әрлеу-сырлау жұмыстары ғана қалып тұр. Алғашқы кезек құрылысы үшін 101 млрд теңге жұмсалды. Бірнеше күн бұрын Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев пайдалануға берілетін күні таяған метрополитенде болып, вагондарға отырып, жүріп көрді. Алматы метросы Қазақстандағы тұңғыш, Орталық Азиядағы екінші, ТМД-дағы 16-ыншы жерасты жолы болмақ. Метроның алғашқы желісі Алматы-2 аумағын қамтыса, құрылыстың келесі кезеңінде Алматы-1 теміржол вокзалына жерүсті жолы салынады, ал үшінші желі қаланың Абай даңғылы мен Жароков көшесінің қиылысынан басталып, «Орбита» ықшамауданына және Орталық мәдениет және демалыс саябағына қарай тартылады. Метрополитеннің барлық үш желісінің жалпы ұзындығы 45 шақырымға созылады.

ТӘУЕЛСІЗДІК ТУЫНДЫСЫ



СІЗ ЕСТІДІЗ БЕ?

Артық салмақ жиналған сайын ми азая түседі

Семіздіктің әсерінен адамның миы семіп қалады екен. АҚШ-тың Калифорния университетінің ғалымдары адамның бөксесін май басқан сайын оның миы да кішірейе түсетінін анықтады.

Independent.ie порталының хабарлауынша, зерттеуші Чарльз Деклард бастаған мамандар тобы деменциямен (жарыместік) ауыратын 1352 адамды тексеруден өткізген. Бұл адамдардың орташа жас шамасы – 54. Сынаққа алынғандардың миы он жыл бойы сканерленіп отырған. Зерттеу нәтижесінде қан қысымы жоғары адамдардың миы жылдам дамидыны анықталды. Ал сусамырмен ауыратын адамдардың бас миының гиппокамп бөлігінің көлемі кішірейгені белгілі болды. Бұл науқастардың есте сақтау қабілеті төмен болып шықты. Анықталған тағы бір сенсациялық жаңалық: адамның артық салмақтан бөксесі ұлғайған сайын оның миының көлемі де соғұрлым кішірейе түседі екен.



Украинада мүшеқап дағдарысы басталды

Украинада мүшеқап тапшылығы болуы мүмкін. Өйткені тамыздың бірінен бастап, контрацептивтер медициналық мақсаттағы бұйымдар тізімінен шығарылып отыр. Дүниежүзі бойынша осымен екі елде мүшеқап дағдарысы сезілмеши.

«Русская служба новостей» агенттігінің хабарлауынша, Украинадағы мүшеқап тапшылығын «Антиспид» қоры болжап отыр. Екі айға созылатын жетіспеушіліктен соң, мұндай өнімдердің құны 20%-ға өсуі мүмкін. Бұл жайтқа ел үкіметінің қаулысы себеп болды. Тамыздың бірінен бастап күшіне енген құжатқа сәйкес, енді контрацептивтер медициналық мақсаттағы өнім болып саналмайды. Демек, мұндай тауарлардың өндірісі мен жеткізілімі салықтық

жөніндегі қаулысына эпидемиологтар мен СПИД-ке қарсы қозғалыс өкілдері наразылық білдіріп отыр. Олардың айтуынша, енді елде бей-берекет жыныстық қатынас пен жұқпалы аурулар етек алуы мүмкін. Мүшеқап тапшылығын қазір Ұлыбритания да бастан кеше бастады. Тұманды Альбиондағы ахуалға – өндіруші Durex пен жеткізуші ТТК Lig компаниялары арасындағы келісімшарттың бұзылуы себеп.

СКАНВОРД Құрастырған Айтқазы МАЙЛЫБАЙ

Шайтан	Қолданушының виртуал әлемдегі бейнесі	Нарға арналған қом	Көп әйел алу үрдісі	Адамның мойын омыртқа саны
Оң. Еуропа. теңіз		Туыстық атау		
Үздік	Бір актілі драма			Кеме тартатын ау
		Әйел бақсы	Келеке	
Өсімдіктер әлемі	XIX ғ. сәулет стилі			Конго
	Иоко...			
			Гелий, оттегі	
Үлес, шама	Қала сыртындағы бау-бақшалы үй	Шикі қамыр	Жансыз	Әскери техника
				Сатурнның серігі
Поэзия	Ерік, қалау			Ірі жыртықшайтан
		Мәлім, белгілі		
Жабайы	Дәреже, атақ		Одағай сөз	
		Оң. Жапониядағы арал		

Газетіміздің №134 (586) санында жарияланған сканвордтың жауабы
КӨЛДЕНЕҒІНЕН: Артур. Муз. Руми. Яғар. Дан. Ахуа. Стату. Мафин. Дидар. АЕК. Маат. Әлке. Бард. Боа. Ез. Ынта. Тұма.
ТІПІНЕН: Фрегат. Илпон. Анд. Құрант. Амеба. Рур. Умра. Ата. Абат. Илмидж. Фата. Әулие. Рем. Азына. «Якудза».

Алматының әзілдері

Хабарландыру: «Жұмысқа көріпкел қабылданды. Нағыз көріпкел болсаңыз, қайда хабарласу керектігін өзіңіз тауып алыңыз».

Бастығы қызметкеріне:
– Осы уақытқа дейін неге кешігіп жүрсің?
– Кешіріңіз, ұйықтап қалыппын...
– Сені жұмыста ғана ұйықтап отыра ма десем...

Шашы сарыға боялған екі бойжеткен аялдамада тұр.
– Сен қандай автобусқа мінесің?
– 5-інші, ал сен ше?
– 8-інші.
Сәлден соң аялдамаға 58-інші автобус келеді. Қыздар:
– Ура! Бірге мінетін болдық!

Автобус адамға лық толы. Бір қыз:
– Мені алға қарай жіберіңіздерші, өтінімің!
– Не бар алда?
– Жылдамырақ жетем бе дегенім ғой.

«Алаш айнасы» газетіне жазылу индексі: 64259
Редакцияның мекенжайы: Алматы қаласы, Бегалин көшесі, 148/1 А
Телефон: 8(727)388-80-60, Факс: 8(727)388-80-61
e-mail: info@alashainasy.kz

БҮГІН:

ТАМЫЗ	Тамыздың 4-і	
Дс	1	Алаштың атаулы күні:
Сс	2	• 35 жыл бұрын (1976) Қазақ КСР-інің «Жер туралы» Кодексі қабылданды.
Ср	3	
Бс	4	• 2004 жылы Қазақстан халықтары Ассамблеясының Хатшылығы құрылды.
Жм	5	
Сн	6	
Жк	7	
Дс	8	Туған күн иелері:
Сс	9	Кенжан Айдарбеков (1946) – Қазақтың мұнай геологиялық барлау ғылыми-зерттеу институты директорының орынбасары, Оңтүстік Құмкөл кен орынын алғашқы ашушы;
Ср	10	Құныпия Алпысбаев (1949) – жазушы, филология ғылымының докторы, профессор;
Бс	11	Любовь Сихымбаева (1955) – Төтенше жағдайлар жөніндегі министрліктің «Резерв» республикалық мемлекеттік кәсіпорны бас директорының орынбасары, фармацевтика ғылымының кандидаты;
Жм	12	Самажан Өмірзақов (1960) – экономика ғылымының докторы, профессор;
Сн	13	Барак Обама (1961) – АҚШ Президенті;
Дс	14	Рүстем Хасенов (1962) – «Қазақстан теміржолы» ҰК құқықтық мәселе жөніндегі басқарушы директор;
Сс	15	Мұрат Ахметов (1967) – Қарағанды облысының прокуроры, әділет аға кеңесшісі;
Ср	16	Талғат Момышев (1968) – Мұнай және газ министрлігі Мұнай және газ кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің төрағасы.
Бс	17	
Жм	18	
Сн	19	
Дс	20	
Сс	21	
Ср	22	
Бс	23	
Жм	24	
Сн	25	
Дс	26	
Сс	27	
Ср	28	
Бс	29	
Жм	30	
Сн	31	

Белгілі есімнің белгісіз сыры:
САМАЖАН – діни ныспылардың ішіндегі бүгінгі таңда сиреп бара жатқан түрі. «Самъя» – сопылық термин. Экстазға түсіп билеуді осылай атайды. Аспан биі деген де атауы бар. Әзіреті Сұлтан Асаудидің хикметтерінде «самұқ» түрінде кездеседі. «Жан» – қазақ сөзі. «Рух, адамның ішкі сарайы, ой-санасы» мағынасын білдіреді. Бұл ныспыны жұрт сабыне «ішкі жан дүниесі таза, ой-санасы тұнық мүміндердің қатарынан болсын, иман, ізгілік жолынан табылсын» деген ниетпен құяды.

БАРАК – еврей тілінде «найзағай» деген мағына беретін бұл ныспы қазақ тілінде де кездеседі. Жүні ұзын, жүндес иттің сырттанын қазақ БАРАҚ деп айтады.

Шығуы	Ұзақтығы	Батуы
05:45	14.26	20:11

ЖҮЛДІЗ-ЖОРАМАЛ

ТОҚТЫ
Егер ерінбей еңбек етсеңіз, осы күн табысқа толы болмақ. Алайда табыс оңай әрі кездейсоқ келе салмайды. Қызметте іскерлік қабілетіңізді көрсетіп қалуға мүмкіндігіңіз мол. Отбасыңызбен бірігіп үлкен іс бастасаңыз болады.

ТАРАЗИ
Бүгін күтпеген жерден дүшпандарыңыздың сізге қарағанда жұмсақ екенін білетін боласыз. Алайда бұл сіздің еш күресіңіз берілуіңіз тиіс деген сөз емес, керісінше, сақтықты еселендіріп, жаңа жоспар құру қажет, сонда жеңесіз.

ТОРПАҚ
Бүгін қаржы және жылжымайтын мүлік мәселесін тез әрі тиімді шеше аласыз. Сіздің қиын жағдайдан абыроймен шыға алатын қабілетіңізге тәжірибесі мол әріптестеріңіз қызғанышпен қарауы мүмкін. Бірақ сіз сыр бермегеніңіз абзал.

ЕГІЗДЕР
Бүгін өз өміріңізге өзгерістер енгізуге мүмкіндік туады. Жұмыс істеу үшін де, сондай-ақ белсенді демалу үшін де қолайлы күн. Мысалы, ой-өрісіңізді кеңейтетін жаңа таныстар тауып, көңіліңіз көтерілуі мүмкін.

ШАЯН
Өзіңізге деген сенімділікті бүгінгі жағдайдың қалыптасуына байланысты жоғалтып алуыңыз мүмкін. Жасаған жұмыстарыңыз өзіңіз күткендей нәтиже бермейді. Сол үшін басқаның алдында ақталып, кешірім өтінуге тура келеді.

АРЫСТАН
Күніңіз қарама-қайшы оқиғаларға толы болмақ. Алдыңызда тұрған кедергіні байқамай, сүрінсең де, алыста «мен мұндайлаған» мақсаттарыңызға ұмытласыз. «Ары қарай қалай және кіммен өмір сүрем» деген сұрақ қатты ойландырады.

БИКЕШ
Бүгін көп нәрсе жақсы жағына қарай өзгереді. Сіздің жеткен жетістіктеріңіз басқалардың қызғанышынан оятуы мүмкін, бірақ ешқайсысы зиянын тигізбе алмайды. Іскерлік кездесу мен ұзақмерзімді келіссөз өткізу үшін қолайлы күн.

ТАРАУШЫ
Көп үміт күттіретін әрі айтарлық сәтті күн. Қиялыңызға әрі беруге бел бумасаныңыз, кедергілерге кездесуіңіз мүмкін. Ерекше идея ойлап табу күннің басты табысы деуге болады. Соның арқасында қолдауға ие боласыз.

САРЫШАЯН
Көп үміт күттіретін әрі айтарлық сәтті күн. Қиялыңызға әрі беруге бел бумасаныңыз, кедергілерге кездесуіңіз мүмкін. Ерекше идея ойлап табу күннің басты табысы деуге болады. Соның арқасында қолдауға ие боласыз.

МЕРГЕН
Ерекше шығармашылық шабытты талап ететін тапсырмаларды орындауға сәтті күн. Бүгін белсенділігіңіз артып, күшіңіз тасып, батыл шешімдер қабылдайсыз. Көшбасшылық қабілетіңізді көрсететін оқиғалар орын алады.

ТАУЕШКИ
Бұрыннан бері мазалап жүрген мәселенің шешімін бүгін табасыз. Болшаққа нақты жоспар құрмасаңыз да, өз мақсатыңызды анықтай алсаңыз, сіз үшін соның өзі – үлкен табыс. Жақындарыңыз сізді қолдап, қол ұшын беруге дайын.

СУҚҰЙҒЫШ
Өз өміріңізді түбірімен өзгертуге талпынбай-ақ қойғаныңыз абзал. Одан гөрі, қолда барды қанағат етіп, күшіңізді қолайлы сәтке сақтаңыз. Ағысқа қарсы жүзу – өзіңізге жаман. Жеке қарым-қатынаста кінәні басқадан іздемеңіз.

БАЛЫҚТАР
Қызметке, сонымен қатар жеке өміріңізге біраз өзгерістер енгізетін күн жетті. Жаңа нәрсені қабылдаумен қатар, тәжірибеден өткен сенімді әдістен де бас тартпаған жөн. Сондай-ақ басқаның ісіне араласпай, біреуге кеңес бергенде абай болыңыз!

Ауа райы



«Алаш айнасы» газетіне жазылу индексі: 64259
Редакцияның мекенжайы: Алматы қаласы, Бегалин көшесі, 148/1 А
Телефон: 8(727)388-80-60, Факс: 8(727)388-80-61
e-mail: info@alashainasy.kz

«Алаш айнасы» газетіне жазылу индексі: 64259
Редакцияның мекенжайы: Алматы қаласы, Бегалин көшесі, 148/1 А
Телефон: 8(727)388-80-60, Факс: 8(727)388-80-61
e-mail: info@alashainasy.kz

Таралымы – 10 000 дана
Тиражы: 10 000 дана
Баспа: «Алаш айнасы»

Құрастырушы және меншік иесі «ТОЛГАН» ЖШС
Директор – Александр Филимонов АН
Төрағасы – Александр Филимонов АН
Тел.: 8 (727) 388-80-68
Жарнама бөлімі
Тел.: 8 (727) 388-81-00
8 (727) 388-41-78
e-mail: alku@alashainasy.kz

Баспа кешікпей
Баспа кешікпей

Астана редакциялары:
Мейрамжанов Сәуір (қаласы), 31, офис 215
Тел.: 8 (7172) 54-27-31
E-mail: astana@alashainasy.kz
Алматы редакциялары:
Алматы редакциялары:
Канат Токбаев – тілші
Арман Асқаров – тілші

Бас редактор – Серік ЖАНБОЛАТ
Мұрағаткер Дүйсенбаев
Бас редактордың бірінші орынбасары
Мұрағаткер Дүйсенбаев
Бас редактордың екінші орынбасары
Максат Әділхан
Бас редактордың үшінші орынбасары
Алаш айнасы
Республикалық қоғамдық-саяси ақпараттық газеті
Қабылдау бөлмесі: 8(727)388-80-60, факс: 8(727)388-80-61